



ТҮЙТКІЛ


«БІЗ АРАҚ ІШЕТІН»

Осындай сұмдық сөзді естідік. Ол кісінің сөзі сүйектен өтіп кетті. Әңгіме неден шықты? Кішкене кідірістен кейін...

Қазір екі адамның басы қосыла қалса, дін туралы, ағымдар жайлы әңгіме-дүкен құратын болды. Жақсы ойлай білгенге бір жағынан қуанатын жағдай... Дін жамандық атаулыға жақындамауға, ағымның құрбаны болмауға үндейді.

Бір өнер өкілінің: «Бұрын осы көшеде бір ғана тәуіп болатын. Қазір жұрттың бәрі шетінен тәуіп боп кетті...» деп әзілге қосып айтқан сөзі бар еді. Сол секілді, бұрын діни салада сарапшылар саусақпен санарлықтай болатын. Ал қазір бәрі діни мәселеге талдау жасап, «пәтуа» беретін жағдайға жетті. Әрине, пікір білдіруге әркім құқылы. Бұл – жақсы үрдіс. Бірақ бізді алаңдатқан нәрсе – екіұдай, ақиқаттан алыс, негізсіз теріс пікірдің таралуы.

(Жалғасы 3-бетте)



Коллаж: Галия ҚАЛИЕВА

«АҒЫМНАН» БОЛАМЫЗ...»

ЖҮЙРІК ЖАҢАЛЫҚ



Келер жылдан бастап елімізде алкогольге акциз 45 пайызға өседі, яғни 1380 теңгеден 2 мыңға дейін. Бұл туралы Астанада салық салудың өзекті мәселелеріне арналған конференцияда ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаев мәлім етті.



Соңғы 5 жылда елімізде террористік және діни-экстремистік қылмыс жасағаны үшін 445 адам сотталды. 64 экстремистік акцияның жолы кесілді. Ауғанстанда, Сирия мен Иракта қарулы қақтығыстар басталған сәттен бері халықаралық лаңкестік ұйымдардың лагерінен 45 отандасымыз қайтарылған.



Паралимпиада ойындарының жұлдегерлері Олимпиада жеңімпаздарымен бірдей ақшалай сыйақы алады. Бұл туралы мәдениет және спорт министрі хабарлады.

ШЕКТЕН ШЫҚҚАН

ЖАМБЫЛ: 800 мың тонна өнім шіріп кетті



Осы аптада өткен үкімет отырысында әлеуметтік маңызды азық-түлік пен бірінші кезектегі бірқатар тауар бағасының өсуіне қатысты жағдай талқыланды. Бағаның өсуіне жол берген әкімдер есеп берді. Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев облыс әкімдеріне бағаны тұрақтандыру үшін тиісті іс-шара қабылдап, қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Бақытжан Сағынтаев Жамбыл облысындағы бағаны тұрақтандыру бойынша атқарылып жатқан жұмысты сынға алды. Үкімет басшысы «Жамбыл облысында картоп көп көлемде өндіріледі. Қолда бар мәліметке қарағанда, өндірілген өнімді ешкім алмайды. Баға көтерілді. Оны сақтайтын орын жоқ. Өндірілген өнімнің 800 мың тоннасы бостан-босқа шіріп кетті. Екіншіден, тұрақтандыру қорының 430 млн теңгесі депозитте пайдаланылмаған», — деді.

КӨКЕЙКЕСТІ

Төртінші зауыт ашылмай,

*жанармай жыры
таусылмайды*



Күз-көктем айларында даладағы диқанның, қаладағы көлігі бардың көңілі күпті. Нені күтсең, сол болады емес пе – Павлодарда біраз күннен бері жанармай тапшы.

(Толығырақ 4-бетте)

МӘСЕЛЕ

Сағат сайын демей-ақ қояйын, күн сайын, апта сайын еліміздің «ажал трассаларында» жантүршігерлік көлік апаттары болып жатады.

PR және ӘРЕКЕТ



(Толығырақ 7-бетте)

АРУ АНА

Еңлік қияда гүлдейді



Аты аңызға айналған Қасым Қайсенов жан жары Асыл апайға алғаш беттей алмай, ұзақ айналшықтапты. Тұлғасы таудай болғанмен, жүрегі нәзік екен. Сүйгеніне сөз айтудың ретін таппай көп кібіртіктесе керек.

(Толығырақ 9-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ



Берік ДҮЙСЕНБИНОВ:

Тасымалдаушы кедергіден бейхабар

Соңғы кездері отандық кәсіпкерлердің Ресей шекарасынан өз өнімін өткізуі қиындап бара жатыр. Ал Еуразия экономикалық одағының келісімшарттары бойынша мұндай мәселе туындамауы керек болатын. Әйтсе де, ресейлік кеденшілер отандық кәсіпкерлердің тауарын терістік көршімізге өткізбей, әртүрлі кедергі жасап бағуда. Осы және кеше ғана сөз болған мешіттегі орысша уағыз мәселесі бойынша Мәжіліс депутаты Берік Дүйсенбиновтің пікірін білген едік.

Жас қазақ: Күні кеше Ресей шекарасындағы өткізу бекетінде тағы бір бакылау жүйесін енгізіп отырғанын депутаттық сауал ретінде көтердіңіз. Мән-жайды толық түсіндіріп беріңізші...

Берік Дүйсенбинов: Ресей өз шекарасына тағы да бір бакылау жүйесін енгізіп, елімізден келетін тауарларды тексеріп жатыр. Бұл деген сөз бакылау жүйесінің рұқсатсыз тауарды Ресей аумағына кіре алмайды дегенді білдіреді. Алайда бір қызығы, аталған бакылау жүйесінің жұмыс тәртібін ешкім білмейді. Ал соның салдарынан отандық жүк тасымалдаушылар шекарадан өте алмай, шығынға батып жатыр. Өйткені, олар таситын тауардың ішінде тез бүлінетін өнімдер бар. Ал ондай шектеу Еуразия экономикалық одақ аясындағы келісімге қайшы. Аталған одақ аясында бәріне бірдей жағдай жасау шарты қарастырылған. Алайда бүгінде Ресей жағы біздің тауар өндіруші үшін бір кедергіні енгізіп отыр. Ол — карантиннен кейінгі ескерту жүйесі.

Шыны керек, отандық жүк тасымалдаушылар аталған жүйенің жұмыс тәртібі туралы көп жағдайда білмей жатады. Себебі Ресей жағы ол жайында хабардар етіп отырмайды. Түсіндіру жұмыстары да жүргізілмейді. Сосын ондай жүйе шекараның бір бекетінде болса, екіншісінде болмауы мүмкін. Содан, жүк тасымалдаушы қайтып бұрылып, шекара бойымен бакылау жүйесі бар бекетті іздеуге мәжбүр болып отыр.

(Жалғасы 2-бетте)

Билік

ЖЕТІСУДЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Осы аптада мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Алматы облысына жұмыс сапарымен барды. Елбасы Талдықорғандағы жаңартылған әуежайдан бастап, «Жастар саябағына» дейін аралады. Президент саябақты жаңарту және абаттандыру жұмыстары барысымен танысты. Ол қала тұрғындарының мәдени-көпшілік демалысы үшін мейлінше жағдай жасаудың маңыздылығына назар аударды. Сонымен қатар Елбасы өңірдегі жұртшылық өкілдерімен кездесті.

Елбасы «Облыстың шекара бойында орналасуы экономиканың көлік-логистика және электр энергетикасы салаларын дамыту қажеттігін талап етеді. Бүгінде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылып, менің тапсырмалы облыс әкімінің тиінақты орындауының арқасында бұл салалар қарқынды дамуда. Өңірдің әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асырудағы табысын да айтпай кетуге болмайды. Сонымен бірге халқымыздың тәуелсіздік жылдарындағы басты жетістігінің тағы бірі — бейбітшілік пен ұлтаралық келісімнің сақталуы деп санаймын, — деді. Сөз соңында Нұрсұлтан Назарбаев қала тұрғындарына зор денсаулық және еңбектеріне табыс тіледі.



Бұдан бөлек, мемлекет басшысы Алматы облысына сапарының қорытындысы бойынша брифинг өткізді. Елбасы өзінің 2014 жылы берген тапсырмаларының уақтылы орындалып жатқанын атап өтті. Жетісу өңіріндегі он өзгеріске тоқталған Елбасы «Жаңа әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының пайдалануға берілуі еліміздің тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында қала тұрғындары үшін тамаша сыйлық болды. Индустрияландыру бағдарламасы мен «Нұрлы жол» бағдарламасының одан әрі іске асырылуы экономикамыздың дамуына, соған орай халықтың тұрмыс деңгейінің артуына септігін тигізеді», — деді. Елбасы жұмыс сапары барысында Жетісу өлкесінің қызылша шаруашылығымен танысты. Ескеді ауданындағы

«Нам Г.Н.» Герман Нам шаруа қожалығының қызылша алқабына барды. Аймақ басшысы Амандық Баталов «Өңір экономикасы саласындағы өсім серпіні, облыстың мемлекеттік қолдауының арқасында алған қаржылай және материалдық-техникалық құралдардың болуы Сіз алға қойған қант қызылшасының бұрынғы берілуі еліміздің тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында қала тұрғындары үшін тамаша сыйлық болды. Индустрияландыру бағдарламасы мен «Нұрлы жол» бағдарламасының одан әрі іске асырылуы экономикамыздың дамуына, соған орай халықтың тұрмыс деңгейінің артуына септігін тигізеді», — деді. Елбасы жұмыс сапары барысында Жетісу өлкесінің қызылша шаруашылығымен танысты. Ескеді ауданындағы

кант қызылшасы 25 гектар, соя — 11 гектар, картоп — 30 гектар, күздік бидай 9 гектар танапқа егілді. Бұл ретте кант қызылшасының өнімділігі гектарына 350 центнерді құрады. Мемлекет басшысы Талдықорған қаласындағы Оқушылар сарайында да болды. Биология, физика кабинеттерін, техникалық шығармашылық модельдері көрмесін, хореография залын, үлкен концерт залын аралап көріп, көркемөнер галереясындағы суреттер экспозициясымен танысты. Бұдан бөлек, Нұрсұлтан Назарбаев Оқушылар сарайына келетін балалармен және олардың ата-аналарымен әңгімелесіп, шығармашылық табыс пен бак-береке тіледі. Соңында мемлекет басшысы Оқушылар сарайына жайлы автобус тарту етті.

(өз тілішіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

101

мың жер телімі. Үкімет осынша жерді алдағы екі жылда жөке үй құрылысына бермекші

86

төңге. «Ерекше Петропавлдық» деп аталатын бөлкенің құны да ерекше қымбат


1,7

млн төңге. Атырауда перзентхана қызметкері сәбиді осынша ақшаға сатқан



Зағипа БАЛИЕВА,
Мәжіліс депутаты:

«Банк 100 пайызын толықтай алмайды. Олар борышкерден өндірілген несиенің 50 пайызын коллекторлық компанияға беруге әзір. Одан да борышкердің қарызын кешіре салмаймыз ба?! Түсіңсем бұйырмасын. Жасөспірім баласы бар отбасылардың қарызын коллекторлар арқылы өндіріп алуға жол бермеуді ұсынамын»



Олег СМОЛЯКОВ,
Ұлттық банкі төрағасының орынбасары:

«Қазіргі кезде азаматтар коллекторлық қызметті қоқан-лоққымен ақша табатын рәкет сияқты қабылдайды. Бұл заң коллекторлық қызметті қорғау үшін емес, олардың борышкермен қарым-қатынасын реттеу және жүйелеуге бағытталған»



Ол бұл салада бақылаудың күшейтілетінін айта келе, «Қару дүкендерінің 50 пайызында олқылық анықталды. Күзет агенттіктерінің үштен бірінде, инкассация қызметінің жартысынан астамында кемшілік жетерлік. 150-ден астам адам жауапкершілікке

тартылды. Біз 5 мыңға жуық адам көп жиналатын нысанды тексердік. Бүгінде олардың 74 пайызының жағдайы көңіл көншітпейді. Сол жерде тұрған күзет терроризм қаупінің алдын алады деу қиын», — деп, күрделі мәселенің шетін шығарды.

Қару-жарақ дүкені тексеріледі

Қару-жарақ дүкендерінің жартысы талапқа сай емес. Ақтөбедегі қайғылы оқиғадан кейін сауда орындары мен күзет мекемелерінде жүргізілген тексеру осындай сорақы кемшілікті әшкереледі. Бұл туралы бүгін Астанада өтіп жатқан «Қазіргі кезеңдегі экстремизм мен терроризмнің алдын алу мен жолын кесудің заңнамалық және институционалдық шаралары» алқалы отырысында Бас прокурордың орынбасары Андрей Кравченко хабарлады.

Жедел сұхбат

(Басы 1-бетте)

Ал өздеріңізге белгілі Қазақстан-Ресей шекарасының ұзындығы 7,5 мың шақырым. Оның бойында ондаған өткізу бекетінің бар екенін ескерсек, жүк тасымалдаушылар үшін бұл тиімсіз. Себебі олар таситын тауардың ішінде тез бүлінетін өнім бар. **Жас казак:** Депутаттар кәсіпкерлер мәселесін жиі көтереді. Алайда неге Ресей тарапынан отандық кәсіпкерлерге кедергі тоқтамай отыр? **Берік Дүйсенбинов:** Кәсіпкерлер тарапынан әртүрлі шағым түседі. Мәселен, осы

Өйткені, бұл тек қана жүк тасымалдаушы компанияның мәселесі емес, бүкіл еліміздің мәселесі. Сондай-ақ қазіргі таңда еліміздегі көлдердің асты қытайдың балық аулайтын ауына толып кетті. Соның салдарынан су астындағы балық қырылып жатыр. Бұл көзге көрінбейтін мәселе болғанымен, біле білген адамға ұлттық проблема. Күні кеше осы мәселені біздің партияның мүшесі депутаттық сауал етіп көтерді. Осыдан кейін ауыл шаруашылығы министрі балықты аумен ұстауға тыйым салды. Шекарадағы мәселе

Тасымалдаушы кедергіден бейхабар

жолы Кәсіпкерлер палатасы ұсыныс айтқаннан кейін, Үкімет басшысы Бакытжан Сағынтаевтың атына депутаттық сауал жолдап отырмыз. Себебі қазір күз мезгілі болғандықтан, отандық кәсіпкерлер Ресейге ауыл шаруашылығы тауарын көптеп апарып жатыр. Әйтсе де, ауыл шаруашылығы тауары Ресейге өте алмай, шекарада шіріп

дәл осы сияқты шешіледі деп үміттенемін. **Жас казак:** Күні кеше дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев «мешітте орыс тілінде уағыз айтылуы мүмкін» — деп мәлімдеді. Сіз осыған қалай қарайсыз? **Берік Дүйсенбинов:** Олжас Сүлейменов шығармаларын орыс тілінде жазу арқылы



кетудің алдында тұр. Ал бұл мәселе Еуразия экономикалық одағының құжаты бойынша шешіліп қойған болатын. Екі ел шекарасында ары бері өтуге арналған 51 пункт жұмыс жасайды. Аталған жерден ресейлік кәсіпкерлер ешқандай кедергісіз өтіп, өзінің жұмысын жүргізіп жатыр. Ал өзіміздің кәсіпкерлер отандық өнімін Ресейге апарайын десе, әр түрлі кедергіге ұшырайды. Біз Еуразия экономикалық одағының тең мүшесі болғандықтан, кәсіпкерлердің құқығы тең қорғаулы керек деп есептейміз. Бірақ Ресей федерация болғандықтан әр аймақ өзінің талап-тілегін қойып отыр. Шын мәнісінде, Ресей өз кәсіпкерлерінің құқығын қорғап, біздің тауарды өздеріне кіргізбей жатыр. Егер Ресей кәсіпкерлерімізге кедергі келтіріп отырса, біздің тараптан да оларға қарсы жұмыс жасалуы керек. **Жас казак:** Үкімет басшысы Бакытжан Сағынтаевтың атына депутаттық сауал жолдадыңыз. Енді бұдан қаншалықты нәтиже күтесіз? **Берік Дүйсенбинов:** Депутаттар осындай күрделі мәселеге үкімет пен халықтың назарын аудартып отыру керек.

казакқа көп пайда әкелді деп ойлаймын. Бұл — бір. Екіншіден, мешітте уағызды орыс тілінде айтпас бұрын, бір қатар мәселені шешіп алу керек. Менің ойымша, мешіттерде уағызды қоғамға аты белгілі, беделді адам айту керек секілді. Қазір Мәжілісте экстремизм мен терроризмге қатысты заң жобасы қаралып жатыр. Аталған заң жобасында айыптының мүлкін тәркілеу сияқты мәселе қарастырылған. Бірақ біз әлі күнге дейін экстремизмнің себебімен емес салдарымен күресіп жатырмыз. Жұмыссыз қалып, өз-өзіне сенімсіз болып қалған жастар мешітке келіп, құдайдан көмек сұрайды. Міне, сол адамға қай тілде уағыз айтылса да, елге беделді азамат уағыз айтуы керек. Мәселен, кейбір кезде мешіт имамдары басқа ағымда жүрген адамнан таяқ жеп жатыр деген хабар келеді. Имамның беделі болмаса, уағызды казакша айта ма, жок, әлде қытайша айта ма, оны ешкім тыңдамайды. Сондықтан да мәселенің салдарымен емес, себебімен күресу керек.

Сұхбаттасқан
Серік
ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ

Сөз-жебе

Гүлнар ЫҚСАНОВА,
Мәжіліс депутаты:

«Лаңкестік әрекет жасайтындарды кедейліктің шегіне тым жақын әлеуметтік ортадан тартады. Алайда тек кедей күнкөріс экстремизмге итермелейді деу дұрыс емес. Тағы бір қауіпті фактор — халқымыздың менталитетіндегі өңіраралық айырмашылық. Мәселен, әлеуметтік желіде шымкенттіктер, Астана және Алматы қаласының «мажорлары», Қазақстанның батысында «тойып секірген» мұнайшылар туралы көп айтылып, көп талқыланады. Бір қарағанда, ешқандай қауіп жоқ секілді. Бірақ жұмыс жүйелі жүргізіледі. Жүздеген ақпарат жазылады, ой бөліседі. Адамдарды мәдениеті, тілі және тапқан табысы арасындағы айырмашылықты үсті-үстіне тықпалайды. Мұндай амал-тәсіл бірлікті бұзады»



Біздің сұхбат

Мәскеулік кейбір интернет басылымдар рухани құндылыққа шабуылын үдетті. Оларға сенсең, құдды Ресей империясында мұсылман қауымға «қамқорлық» керемет болған. Соңғы кездері мұндай дүниелердің көбеюі ойландырмай қоймайды. Осыған орай біз абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлымен сұхбаттастық.



Мекемтас МЫРЗАХМЕТОВ:

бес республика — Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Әзірбайжан тез қабылдайтын болады. Қазір біз Абай арқылы мұны көпшілікке түсіндіріп жатырмыз.

Мәселен, біз Мұхаммед пайғамбарды мойындап, Құранның бір сөзін де өзгертпей отырмыз. Ал христиан дініндегі кітаптардың түп нұсқасы жоқ. Сондықтан да олар христиан дінінің осал екенін біледі. Алайда олардың қолында бұқаралық ақпарат құралдары болғаннан кейін ислам дінін

Жас қазақ: Осындай сан түрлі айладан қорғануды жолы қандай?

Мекемтас Мырзахметов: Абай заманында тұсында қазақтың қамалы тастай еді. Кейін жан-жаққа тарадық. Бес саусағымыз бес жақта. Дін, тіл жағынан бөлініп кеттік. Кеңес үкіметі кезінде ең қатты орыстанғандар қазақтар болатын. Соның салдарынан біздің 40 пайыз қазағымыз шала және ала қазақ болып отыр. Ада қазақтарымыз енді қазақ болмайды. Ал шала қазақтардың бетін бері бұрып алуға болады деп ойлаймын. Басты мақсат — бізді рухани құлға айналдыру еді. Дін саласында біршама өзгеріс бар. Арнайы министрлік құрылды. Алайда уахабистердің тамыры тереңде жатыр. Бүгінде адасқандар көп.

Сананы біріктіретін ИДЕОЛОГИЯ ҚАЖЕТ

Жас қазақ: Мекемтас аға, орыстiлдi бiр сайттан мынадай материал оқып қалдым. Онда мақала авторы П.Густерин «Ресей империясы мұсылман дінінің дамуына жағдай жасаған. Патшалық Ресейдің үкімет басшысы П.Столыпиннің жүргізген саясатының арқасында бiрде-бiр мұсылман қысым көрмеген», — деп жазады. Алайда Сіздің «Қазақ қалай орыстандырылды?» атты еңбегіңізде бұл нақты дерекпен жоққа шығарылған.

Мекемтас Мырзахметов: Ерте кезде, яғни Екатеринаның тұсында қазаққа ауыл-ауылды аралап Құран кітабын арбамен жүріп таратты. Ол уақытта ғана болатын. Себебі басты мақсаты — «Аз уақыт ішінде қазақтарды жаулап алсақ, Орталық Азияны, Шығыс Түркістанды қолға аламыз» — деп ойлады. «Ақ патша жақсы, дінімізге тиіспейді екен» деген пікір қалыптастыру үшін осындай қадамға барды. Молдаларға профессордың айлығын берген кездер болды. Әбден жаулап алғаннан кейін, Қытаймен шекара анықталған соң, саясат 180 градусқа өзгерді. Қазақтарды орыстандырып, шоқындыру миссиясы басталды. Ондай айланы жиі қолданып отырған. Тарихшыларымыз осыны айқындап көрсетуі керек. Егерде олар бірден бізді шоқындыруға көшкен болса, жағдай ушығып өзге елдердің қарсылық билдіретінін жақсы түсінді. Енді келіп бұлай ақталудың еш қажеті жоқ.

Жас қазақ: Тағы бір орыстiлдi сайт ислам дінінің кемшін тұсын жіпке тізіп, оны жеккөрінішті етіп көрсеткісі келген. Оған не себеп?

Мекемтас Мырзахметов: Мұның түпкі себебі ескі ауруы ғой. Өйткені, кейбіреулер ислам дінін жақтырмай, оған барынша күйе жағуға тырысады. Мәселен, біз христианның барлық пайғамбарларын мойындаймыз, ал олар мойындамайды. Өкінішке қарай, біз әртүрлі жағдайға байланысты әлсіреп қалдық. Кейбір христиандардың өктемдігі болашақта да бола береді. Бірақ жана дүниетаным келгеннен кейін мүмкін өзгеріс болар. Коммунистік партияның қағидасы бойынша біз атеист-материалист болдық. Алайда ғалымдар «бізді үлкен сана билейді» деген пікірді алға тартып отыр. Менің ойымша, осы ұстанымға жаппай бетбұрыс болады. Әйтсе де, қазіргі таңда бұл мүмкін емес болып отыр. Өйткені аталған ұстанымды Ресей мен АҚШ және Еуропадағы алпауыт мемлекеттер қабылдай алмайды. Ал түрік тектес

АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ЕҢ БОЛМАҒАНДА, 20 МИЛЛИОНҒА ЖЕТІП АЛУЫМЫЗ КЕРЕК. ҚАЗІР ӨСІМ ЖАҚСЫ. ЖЫЛ САЙЫН 500 МЫҢ БАЛА ДҮНИЕ ЕСІГІН АШУДА. МӘСЕЛЕН, БҰРЫН ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІ 35 ПАЙЫЗ ҒАНА БОЛАТЫН, ҚАЗІР 80 ПАЙЫЗДАН АСЫП КЕТТІ. БҮГІНДЕ МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДА ОҚЫП ЖАТҚАН БАЛАЛАР ӨСІП ЖЕТІЛСЕ, ОЛАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ МҮЛДЕ БАСҚАША БОЛАДЫ»

құбыжық етіп көрсетіп отыр. Қазір ең үлкен қауіпті дүние — ақпарат. Олар өздері ойдан құрастырып, әр нәрсені айта береді. Дегенмен қайсыбір христиандардың жапқан жаласы күн өткен сайын әшкереленіп жатыр. Сондықтан да бұған мән бермей сенімімізді нық қылып, алға қадам баса беруіміз керек.

Жан-жақтағы шашырап жүрген қазақтың басын қосатын, халықтың санасын бір жерге түйіп беретін — ұлттық идеология. Одан басқа ешнәрсе көмектеспейді. Әсіресе, қазір ауадай қажет болып тұр.

Жалпы, біз бүгінде аз ғана халқымызбен әлемде 9 орын алатын жерге иелік етеміз. Алдағы уақытта ең болмағанда, 20 миллионға жетіп алуымыз керек. Қазір өсім жақсы. Жыл сайын 500 мың бала дүние есігін ашуда. Мәселен, бұрын қазақ мектептері 35 пайыз ғана болатын, қазір 80 пайыздан асып кетті. Бүгінде мектеп қабырғасында оқып жатқан балалар өсіп жетілсе, олардың көзқарасы мүлде басқаша болады. Олар біз сияқты бұғып жүрмейтін болады. Себебі біз дүниеде езілуіндей ақ езілген халықпыз. Бірақ сонда да мемлекетін құрып, оны Нұрсұлтан Назарбаевтай мықты азамат басқарып отыр.

Жас қазақ: Зиялы қауым өкілдері ұлттық мәселеде пікірін білдіріп жатады. Үкіметтегілер оған назар аударып жатыр ма?

Мекемтас Мырзахметов: Интеллигенция қай кезде күшті болады? Зиялы қауым өкілдерінің тыңдаушысы күшті болса. Өкінішке қарай, біздің тыңдаушыларымыздың санасы қалың ұйқыда жатыр. Мәселен, жақсы мәселе көтерілген кезде халық дүр ете түсуі керек. Сонда биліктегілер мәселені шешуге асығады. Әлі күнге дейін соған жете алмай отырмыз.

Жас қазақ: Ел сыйлайтын ақсақалсыз. Соған қарамастан, бірде Алматыда, бірде Шымкентте шапқылап жүресіз. Кейде барлық жұмысты тастап демалғыңыз келмей ме?

Мекемтас Мырзахметов: Демалып өз-өзіме қарауға уақыт жоқ. Шымкентте 500 кітап шығарып жатырмыз. Сондай-ақ Бауыржан Момышұлының 100 томдығын құрастырып жатырмыз. Өзімді аяп демалған адам емеспін. Өзгелер сияқты курортқа барып, шалқайып жатқан жоқпын. Оған уақытым жоқ. Уақыты мен ақша бар адамдар шалқып өмір сүреді. Ал билей бір профессорға төленетін 130 мың тенге не болады. Бірақ мен «айлығым аз» деп қарап жатқаным жоқ. Шамам жеткенше халыққа қажетті дүниені жарыққа шығарып кетуім керек.

Сұхбаттасқан
Серік ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ

ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3

Түйткіл

(Басы 1-бетте)



Діни білімі жоқ, діннің астарлы мәселелерінен толыққанды хабарсыз адамның аузынан тұрпайы тұжырымның, өрескел сөздің шығуы өкінішті. Исламды «үрейдің» діні ретінде таныту — үлкен қиянат!

Көрген-түйгенді ойға түйіп, қағазға түртіп жүретін Жаратушыдан тілеп алған тілші дейтін «жұмысымыз» бар емес пе. Біздің қазірше қолдан келер шаруа осы боп тұр — айту немесе жазу.

салынбай, салауатты, салмақты өмір сүрсе деген тілегімізді іштей айтумен шектелдік.

Көзбен көргенімізді айтар болсақ, кейбір адамдар ұстанымдары үшін бір-бірін түсінбей, тіпті түсінгісі келмей, келісу былай тұрсын, өзара сөйлесуден қалып барады. Бұл үрліс әке мен бала арасындағы отбасылық трагедияға айналуда. Бала араққа тым әуес әкесін айыптайды, ал әке баласын «сен ағымда жүрсін» деп кінәлайды.

«Біз арақ ішетін «АҒЫМНАН» боламыз...»

Өткен жолы бір ғалыммен кездесіп қалдық. Аты мәлім, атағы да белгілі. Біздің Діни басқармада қызмет ететінімізді жақсы біледі. Аман-саулық сұрасқаннан кейінгі әңгіме әдеттегідей дінге ойысты. Елдегі діни мәселе «шешіліп», қазіргі ахуал ауызбен «реттеліп» болған соң халықаралық деңгейде сөз қозғалды. «Анау «ондай» ағымнан екен, мынау «мынадай» жамағаттан боп шықты, анау «ананы» қолдайтын көрінеді, мынау «мынаған» бүйрегі бұратын сияқты» деген діни «диагноз» қойылып жатыр. Әйтеуір бөрінің артына бір-бір «қоңыраудан» ілінді. Өкініштісі сол, «дені дұрыс» діндарды таппай дал болғанымызды несіне жасырайық?!

Сонымен әлгі ғалым ағамыз бірнеше сағатқа созылған сұхбаттың соңында сөзін былай түйіндеді: «Қазір адамдардың көбісі ағымда жүр. Ал біз арақ ішетін «ағымнан» боламыз. Бірақ бізде терроризм жоқ...»

Күлгенге «керемет» сөз, жыласақ та жарасалы. Сірә, әр нәрсенің шетіне шығып кету деген осы болса керек...

Ол кісі сөзін ары қарай жалғап: «Құрысын, бұл да жаман «ағым». Жақсы нәрсе емес», — деп мырс етті.

Дінді ұстанғандар шектен шықпай, өзгеге титімдей болсын зарарын тигізбей, қоғамда оғаш қылық көрсетпей жүруіне, ал діннен алыстау адамдар араққа

Оның түсінігінде намаз оқыған бала — «ағымда». Ал баланың ойынша, арақ ішкендер мұсылман емес екен. Екеуі бір жолдың екі шетінде кетіп бара жатқан жолаушыға ұқсайды...

Араққұмардың: «Адам қанын төгіп, «діндар» боп жүргеннен гөрі ішетінімді ішіп, «тыныш» жүргенім жақсы», — деген уәжі де жоқ емес. Ал әсіредіншілдің байламы болса: «Арақты ауызға алатындармен араласуға болмайды». Екеуінікі де радикалды ұстаным. Ақтап алуға келмейтін іс.

Осыларды табыстырып, татуластырып, төрелігін айтатын данағай ақсақалдар, ел ағалары болса, шіркін?!

Әйгілі ғалым Хасан Басри:

«Әдебі жоктың білімі жоқ, сабыры жоктың діні жоқ, тақуалығы жоктың мейірімі жоқ», — деген екен. Қазір біздің қоғамға сөзі мен ісі түзу салмақты әкелер мен сөзғұар сабырлы ұл мен қыздар, жастардың санасын оятар саликалы ғалымдар, зиялылар көбірек керек.

Бала қашанда өкенің мейірімі мен тәрбиесіне мұқтаж. Өкінішке қарай, кейбір әкелер өзінің қаршадай баласының ақыл-кенесіне мұқтаж боп тұр...

Ғалым ғалымдығын көрсетсе, әке өкелігін танытса деген тілек қой, біздікі!

Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ,
ҚМДБ Баспасөз бөлімінің меңгерушісі

Оқшау ой

Айдос САРЫМ, саясаттанушы:

Өзімізден де бар



Менің ойымша, Алматының мыңжылдығына қарсы пікір айтып жүргендердің басым көпшілігі Верныйға дейін ол жерде қаланың болғанын білмейді емес, біледі, түсінбейді емес, түсінеді. Сол баяғы жалған көкірек жібермейді. Сол көкірек қалыптастырған сана мойындағысы келмейді. Мысалы, бұлар бізсіз, біздің өркениетсіз адам болмаған, бола алмайды да деген түсінік бар. Оған біздер де «номад болғанбыз», басқа болғанбыз деп үлес қосамыз. Араб та көшпелі халық. Алайда «Мекке мен Мәдина арабтікі емес», — деп кім айта алады? Қаласы қашаннан тұр, мемлекеттігіне қашан қол жеткізді дегендей... Тағы бір үлкен мәселе — өзімізге қатысты. Жиырма бес жыл ішінде осы жер, осы мәдениет, осы қалалар қазақтікі дегенді басқа түгілі, өзімізге дәлелдей алмай келеміз. Өз жерімізде өзіміз қонақ сияқтымыз. Осы елдің иесі мен киесі қазақ дегенді өзгеге аян ете алмай келеміз. Ол үшін сөзсіз мықты мәдени өнім, мықты ақпараттық саясат керек. Өзімізден де бар.

Facebook парақшасынан

Алаң

Биылғы жаңа оқу жылында лаңкестікке қарсы төтенше жағдайларға дайындық жұмысы жүргізіледі. Соған орай, кәметтік жасқа толмағандар істері жөніндегі инспекторлары мен мектеп, колледж директорларына семинар өткізілді.

Ақтөбе қаласында болған лаңкестік әрекеттерге байланысты полицейлер алдын алу шараларын қолға ала бастады. Олар инспекторлар мен директорларға терроризмге қарсы қандай алдын алу шаралары жүргізу керектігі жөнінде баяндалы. Kerek-info.kz хабарлағандай, жергілікті полиция қызметінің аға инспекторы Мәлік Нұрсейітов намазға жығылған жасөспірімнің есепке алынып жатқанын айтқан. Аға инспектор «Қандай себеппен, неге дінге кіріп

кеткені жөнінде тексеріс жүріп жатыр. Сондай-ақ кәмет жасқа толмағандарға инспекторлар лекция оқиды. Мектепте, колледжде және жоғары оқу орындарда, дінге кіргендер есепке алынады. Олардың үстінен бақылау ісі ашылады. Олардың үйіне барып, ата-анасымен түсіндіру жұмысы жүргізіледі, — дейді. Ал Ақтөбе облыстық ІІД ювеналдық



полиция бөлімінің басшысы Клара Исламованың айтуынша, намаз оқитын жасөспірімдер есепке алынбайды. Ол «Біз мұндай жұмыстар жүргізбейміз, мұны антитеррористік орталық бақылауға алады. Тек көмек көрсетіп, анықтаймыз, ақпарат береміз. Бізде намаз оқитын ата-аналардың тізімі ғана бар», — делі.

Оқушы есепке алынады

Жаһандану үрдісі белең алған сайын тарихи «Жібек жолын» жаңғыртудың маңызы артып келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев биылғы жазда Түркияға ресми сапармен барғанда осы елмен «Жібек жолы. Экономикалық белдеу» шеңберінде бірқатар жобаларды бірлесе іске асыруға болатынын атап өтті. Түрік Республикасының президенті Режеп Тайып Ердуан бауырлас екі елдің «Жібек жолын» жаңғыртудағы рөліне тоқталды. Ол Түркияның Қазақстанның батысқа қарай ашылған қақпасы болғанын қалайтынын айтты. Ал Қазақстан Түркия үшін шығысқа ашылған қақпа болуға әбден лайық.



«Жібек жолының»

БАТЫС ҚАҚПАСЫ

«Жібек жолы». Экономикалық белдеу» жобасы ең алдымен көлік логистикасына арқа сүйейді. Осы тұрғыдан алғанда, жолаушы, сондай-ақ жүк тасымалының маңызы зор. Тарихи жолдың бойында орналасқанымен, теңізге тікелей шыға алмайтын Қазақстан мен Орталық Азия елдері алыс елдермен барыс-келісті өзирге әуе компаниялары арқылы жүргізуде. Солардың бірі – «Түрік әуе жолдары» (ТНУ). Әуе қатынасында әлемдегі ең мықтылардың қатарынан көрінетін осы компанияның ақпарат құралдарына, соның ішінде қазақ газеттеріне ниеті тұзу, пейілі кен. Журналистерге арнап ұйымдастырған жолсапарға бұл жолы да «Жас қазақты» шақырды. Университетте геосаясат пен транзиттік тасымалдың мүмкіндіктері туралы диплом жұмысын жазған мен сияқты жас маманға бұл көзбен көріп, көңілге тоқуға таптырмас мүмкіндік. Арнаулы тілші ретінде мақалаға қажетті дерек пен дәйек, сурет пен сұхбат әкелуге болады.

Сонымен төрт тілші Ыстамбұлды бет алып, жолға шықтық. Компания бізге ерекше құрмет көрсетіп, бизнес-кластан орын беріпті. Бұрын мұндай кереметті көрмегендіктен, еріксіз тосықайсың. Жайлы сапар үшін қажеттінің бәрі бар. Тіпті аспаздың өзі келіп, ас мәзірімен таныстырады. Бес сағаттың қалай өтіп кеткенін де байқамайсың. Ұшақта бос орын жоқ. Күн сайын

осы бағытпен ұшатынын ескерсек, компанияның жолаушы үшін әуе кеністігінде жүріп жатқан бәсекеде ешкімге есе жібермейтін көреміз. Дағдарыс кесірінен кейбір әуекомпаниялары банкротқа ұшыраса, енді біреулері амалсыз бірігіп жатыр.

Әуе кемесі Мәрмәр теңізін айналып, алып шаһар Ыстамбұлдағы Ататүрік халықаралық әуежайына қонды. Аумағы атшаптырым әуежайда тізіліп тұрған ұшақ көп екен. Біз келерден бір күн бұрын мұнда 1454 әуе кемесі ұшып, қоныпты. 141 мың жолаушы ғимаратқа кіріп шығыпты. Түркиядағы тұрақсыздықты бұзуға тырысқан 15 шілдедегі әскери төңкеріс әрекетінің алдында тіркелген көрсеткіш бұған сәл жетпейді. Бұған тоқталуымыз бекер



емес. Түрік басылымдары қайғылы оқиға кезінде бүлікшілердің осы әуежайды басып алуға әрекеттенгенін жазды. Одан екі апта бұрын лаңкестер тарапынан жасалған қарулы шабуыл да әуежайға, түрік еліндегі тыныш тіршілікке қарсы бағытталған болатын. Лаңкестердің ойраны мен әскери бүлік компанияға қаржылай шығын келтірді. Соның кесірінен ұшу сапарлары ішінара тоқтатылды. Сапары кешіктірілген жолаушылар қонақүйге орналастырылды, ұшқысы келмегендерге билет құны толығымен қайтарылды.

сүйір тұмсығы көрінеді. Ресейдің Новороссийск портынан шыққан казак мұнайы Кара теңіз арқылы осы жолмен өтеді. Жалпы, әлемдік «қара алтын» саясатында, транзиттік тасымалда Босфор бұғазының маңызы зор. Қателеспесек, 1936 жылғы Монтре келісіміне сәйкес, шетелдік компаниялар осы тар өткелді пайдаланғаны үшін Түркияға тасымал ақысын төлемейді. Батыс кезінде үстемдігін пайдаланып, өзіне тиімді келісімге қол жеткізген деседі.

Көп ұзамай, талай текетіреске себеп болған әйгілі бұғазды барып көрдік. Қонақжай түріктер кемемен серуен ұйымдастырды. Бұғаздың екі жағасында тарихи ғимараттар көп. Әйтсе де, жұрт тамыздың аяғында ашылған Жауыз Сәлім көпірі туралы білгісі келеді. Небәрі үш жылда салынған осынау сәулет туындысы алып қиялдың жемісі деуге толық негіз бар. Бұғаздағы үшінші көпір қос құрлық арасындағы көлік жүрісін жеңілдеті түсті. Бұған қоса, қаларалық қатынасты да оңайлатты. Бұрын Ыстамбұлдан Әгей теңізі жағасындағы Измирге 9 сағат жүрсе, енді 3,5 сағатта межелі жерге жетесін. Айта кеткен жөн, Қазақстан сияқты Түркия да соңғы жылдары көлік логистикасына зор көңіл бөле бастады. Р.Ердунның тікелей атсалысуымен түрік үкіметі әлгі көпір секілді ірі жобаларды іске асыруда. Солардың бірегейі –

Үлкен Ыстамбұл тунелі. Ол дәл осы бұғаздың астында, 110 метр тереңдікте орналасады. Азия мен Еуропаны жалғайтын жерасты жолы автокөлік пен пойызға арналған.

Азия мен Еуропаның түйіскен жерінде орналасқан Ыстамбұл мен «Түрік әуе жолдары» компаниясы бір-бірімен біте қайнасып кеткен. Түрлі елдерден келген журналистермен кездесуде компанияның ТНУ Баскарма төрағасы Илкер Айжы әңгімесін осы тақырыптан бастады. Төрағаның айтуынша, Ыстамбұлда 75 млн жолаушыға қызмет көрсетуге мүмкіндік бар. Ең бастысы – алып шаһардағы әуежай қай жағына алып қарасаң да қауіпсіз. Оның қауіпсіздігі Еуропа Азаматтық жолаушы тасымалы және Халықаралық азаматтық жолаушы тасымалы сияқты ұйымдардың бақылауынан өтіп, оң баға алған. Содан болар, жолаушы да сенеді. Илкер Айжы осыған орай былай деді: «Биыл біз 64 млн жолаушыны межелі жерге жеткіземіз. Бұлардың 60 пайызы транзит жолаушылар. Ал 40 пайызы негізгі хаб арқылы межелі жеріне тікелей жетеді. Компаниямызда 330 ұшақ бар. 116 елге және 294 бағыт бойынша ұшу сапарын орындаймыз. Бұл әлемдегі ең үздік көрсеткіш».

Сапар барысында өз көзімізбен көрген ұшқыштарды дайындау орталығы мен ТНУ және өзге әуе компанияларды тамақпен қамтамасыз ететін Do&Co фирмасының жұмысымен танысып, көп мағлұматқа қанықтық.

Көрі құрлықта Лондондағы «Хитроу» және Париждегі «Шарль де Голльден» соң үшінші орында Ататүрік әуежайының тұрғанын атап өткен Илкер Айжы жакын арада екінші орынға табан тірейтіндерін, ал болашақта көш бастауға мүмкіндік бар екенін тілге тиек етті. Екі жылдан кейін Ыстамбұлда үшінші әуежайы пайдалануға беріледі. Жаңа

әуежайдың келешіктегі әлеуеті – 150 миллион жолаушы. ТНУ Азия бағытына, әсіресе, бауырлас Орталық Азия елдеріне ерекше көңіл бөледі. Әлемдік бәсеке өршіген әуе тасымалы нарығында компания жетістіктігінің сырын Илкер Айжы бір сөйлеммен түсіндірді. «Біз Түркияда жолаушыларымызға «жолаушы» немесе «клиент» демейміз. Біз оларға «қонақ» дейміз.



Еркебұлан СМАЙЫЛОВ,
Алматы – Ыстамбұл



Игі іс



Көптен күткен

Маңғыстау облысы Шетпе селосында ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және аудан орталығының құрылғанына 50 жыл толуына орай жаяу жүргіншілерге арналған теміржол өткелі пайдалануға берілді. Шетпе селосының орталығы мен Жаңаорпа ықшамауданының арасын жалғайтын теміржол өткеліне жергілікті зауыт демеушілік жасады. Осылайша, аудан және ауыл әкімдерінің халық алдындағы есеп беру кездесулерінде тұрғындар тарапынан жиі көтерілетін мәселе шешімін тапты.

Жер үсті теміржол өткелінің салынуын көптен бері тағатсыздана күткен көпшіліктің тілегі орындалып, қуанышты сәт те келіп жетті. Жаңа теміржол өткелінің ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Алик Айдарбаев шетпеліктердің шаттығына ортақтасты. Ол «Тәуелсіздіктің 25 жылдығында Маңғыстау ауданында 4 пәтерлі муниципалды тұрғын үй, Тұшықұдық, Шайыр ауылдарында жаңа мешіт пен

спорт кешені, Шетпеде жекеменшік балабақша мен амбулатория ел игілігіне берілді. Осыдан 2-3 жыл бұрын өздеріңіз маған айтқан мәселе оң нәтижесін тауып, халықтың қауіпсіздігін



шашу шашып, мәре-сәре болды. Жаяу жүргіншілерге арналған өткелден алғашқы болып облыстан келген қонақтар жүріп өтті. Шетпе селосының әкімі Мұхтар Мұтәллаповтың айтуынша, құны 48 млн теңге болатын көпірдің биіктігі — 8 метр, ұзындығы — 120 метр.

Суреттерді түсірген Серік МАЙЕМЕРОВ

Бәрекелді



Бейбітшілік пен тұрақтылық салтанат құрған көпұлтты мемлекетіміз сындарлы кезеңде сырттан келген өзге ұлттарды бауырына басып, қанатының астына алды. Бейбітшіліктің белдеуі болған бірлігі бекем елімізде тарих толқынында тоғысқан түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында ынтымақтастықта тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр. Ұлан- ғайыр сайын дала төсінде қоныстанған Қазақ елінен пана тауып, пейілі кең де дархан көңіл қазақтармен бірге бауырлас болып кеткен ұлттар ынтымақтың ыстық алауы жанып, тұрақтылықтың туы тігілген Тәуелсіз еліміздің тұғырын биіктетуге белсене араласып жүр.

ТІЛГЕ ШЕШЕН СЕВИЛА

Бүгінгідей бейбіт өмірге арқау болған Ассамблея тілі басқа болғанмен тілегі бір, жүзі басқа жүрегі бір этнос өкілдерін «Мәңгілік ел» идеясының аясына топтастырды. Байтақ Отаннан бақытын тапқан өзге ұлт өкілдері қазақ тілін менгеруге құштар, үйреніп-білуге қызығушылығы басым. Тәрбие басы саналатын балабақшадағы тәлімгерлер, білім мен тәрбие егіз өрілетін мектеп қабырғасындағы оқушылар, орта немесе жоғары оқу орындарында студенттер және әртүрлі салада еңбек ететін өзге ұлт өкілдері арасында өткен сайыс пен түрлі додадан қазақ тілін қандай деңгейде меңгергендігін көріп, біліп жүрміз. Ақтау қаласындағы политехникалық колледждің 3-курс студенті Севила Гадирова — қазақ тілін құрмет тұтатын жастардың бірі. Ұлты әзірбайжан болса да, бойында қазақылығы басым Севила мемлекеттік тілді кішкентайынан біледі. Бүгінде Ақтау қаласындағы политехникалық колледжде оқитын әзірбайжан қызы химик-технолог мамандығын қазақ тілінде игеруде. Ақтау қаласындағы №23 мектепте орысша орта білім алса да, әкесі мен анасының, достарының көмегімен қазақ тілін жетік меңгерді. Севиланың айтуынша, ата-анасы балаларының орта арнаулы білімді қазақ тілінде алғанын қолдап, қызының шешіміне қарсылық білдірмеген.

Севила Гадирова «Мен Қазақ елінде туып-өстім, осында білім алып жатырмын. Сондықтан да достықтың алтын бесігіне айналған Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілін білуді парыз деп санаймын. Қазақша білгеннің пайдасы өте зор. Ата-анам да қазақ тілін біледі, сөйлей алады. Әкеме қарағанда, анам мен сінлім қазақша жақсы сөйлейді. Достарымның ішінде әртүрлі ұлт өкілі бар. Қазақтың кең қолтығынан пана тапқан түрлі ұлт өкілдерінің береке-бірлігін арттыруға, ұлттық салт-дәстүрлерін сақтауға, мәдениеті мен өнерін дамытуға барлық жағдай жасалған. Колледждегі оқуымды аяқтағаннан кейін, ата-анам құптаса, жоғары білімді қазақ тілінде алғым келеді», — дейді.

Болашақ химик-технолог маман қолы қалт еткенде қазақ тіліндегі кітап оқып, өлең жаттайды екен. Сұрағанымызда, Атамекен, туған жер туралы өлең білетінін жеткізді. 17 жастағы кейіпкеріміз қала, облыс көлемінде ұйымдастырылған сайыста бірнеше рет жүлделі орынды еншілеген.

Қиын-қыстау заманда тағдыр тәлкегімен пана іздеп келген өзге ұлттар азаттықтың арайланған ақ таңында ортақ Отанымыздың іргесін бірге қаласты. Еліміздің баянды болашағы мен жасампаздықтың жарқын жолында олар да тер төгіп, еселі еңбек пен қажыр-қайратын сарп етті. Өзге ұлт өкілі деп өзегінен теппей бауырына тартқан бауырмашыл халықпен жасасып келе жатқан түрлі этностар қазақ ұлтымен сіңісіп, еліміздің кемел келешегіне, болашағына бірге көз тігіп, алға сеніммен қадам басып келеді.



Қолдау

Көпшілікке мәлім, облыс аумағында Каспий теңізінің мәселесімен айналысатын ғылыми-зерттеу институты жоқ. Сондықтан аталған басқарма жанындағы экологиялық зерттеу зертханасын дамытуға ден қойылды. Мұнда Каспий теңізінің гидрофлорасы мен гидрофаунасының жай-күйін зерттеуге мүмкіндік беретін гидробиология бөлімі ашылды. Зертхана өткен жылы облыстағы мұнай өндірісінің және порттардың Каспий теңізі жағалауына техногендік әсерін бағалау бойынша кешенді ғылыми-зертханалық жұмыс атқарды. Зерттеу нәтижесінде Каспий теңізіне жасанды риф орнатылып, оларға мониторинг жүргізілді. Сондай-ақ Ақтау қаласының экономикалық жағдайын арттыратын су асты туризмі мен спорттың дамытуға әсер ететін дайвинг-парк құру жөнінде ұсыныс әзірленді. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Серік Сағынбаевтың айтуынша, бүгінде «Қошқар ата» қалдық қоймасының маңындағы экологиялық жағдайды тұрақтандыру жұмыстары жалғасып жатыр. Ол «Жасанды көлдің сұйық фазасын тұрақтандыру мақсатында жыл сайын Ақтау қаласындағы көріздік тазарту ғимаратынан тазаланған 8 млн текше метр су құйылады. Бүгінде Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдарымен бірге «Қошқар ата» қоймасына жақын ауыл тұрғындарының денсаулығына экологиялық-генетикалық әсерін бағалау мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Басқұдық ауылының

Каспий теңізінің Маңғыстаудағы жағалауындағы 1399,5 шақырымына су қорғау аймағы мен белдеуі құрылып, белгілер орнатылды. Бұл туралы Маңғыстау облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы хабарлады.



санитарлық-гигиеналық, экологиялық жағдайын және микроклиматын тұрақтандыру үшін «Қошқар ата» қалдық қоймасының оңтүстік бөлігінде тәжірибелік жасыл қорғаныш аймағы құрылып жатыр.


айтуынша, облысымызда соңғы жылдары орман мекемелерінің материалдық-техникалық базасы нығайып келеді. Осы жылы Сенек, Ұштаған, Тұшықұдық, Шебір ауылдарында құм көшін тоқтату жұмысы жалғасын тапак. Сондай-ақ С.Сағынбаев Манғыстау облысы бойынша Қызылөзен, Тұшықұдық, Болашақ, Шайыр, Боранқұл, Жыңғылды, Мұнайшы селосында полигон



Көндірлі бұлағы

Осы нысанның мәселесін кешенді шешу үшін «Қошқар ата» қалдық қоймасын қалпына келтірудің техникалық-экономикалық негіздемесі жасакталды», — делі.

Осыдан 12 жыл бұрын басталған елді мекендерді құм көшінен қорғау мақсатында Бостанқұм, Қызылқұм және Түйесу құм сілемдерінде өсімдік жабындысын қалпына келтіру жұмыстары жалғасып келеді. Қазіргі таңда «Жасыл әлем Манғыстау» ЖШС-нің күшімен үш елді мекеннің (Сенек, Ұштаған, Тұшықұдық) айналасында құрылған жасыл оазистің ауданы 2610 гектарды құрайды. Басқарма басшысының



Өнере бұлағы

салудың техникалық экономикалық негіздемесі жасакталғанын айтты. Ақшұқыр, Таушық, Ақжігіт елді мекендерінде тұрмыстық қатты қалдықтар полигонын салудың жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалған. Жетібай, Шетпе, Өмірзақ, Боранқұл, Ақшұқыр, Болашақ ауылдарында мал қорымдарын салуға жобалық-сметалық құжат әзірленіп жатыр. Сонымен қатар Бейнеу, Құрық, Форт-Шевченко және Мұнайлы ауданының елді мекендерінде коммуналдық қалдықтардың пайда болуы



және жинақталуы нормаларын есептеу жобасы жасакталу үстінде. Қазіргі таңда Ақтау қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу зауытын салу мәселесі қарастырылуда.

Бетті дайындаған Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ



Жол апаты

«Пәлен жерде екі көлік соғысып, жеті адам жайрап қалыпты! Сұмдық! Обал болыпты!» деп жанашырлық танытып жатамыз да, артынша ұмытып кетеміз. «Құдай басқа салмасын! Өзімізден аулақ!» деп ішімізден дұға оқитынымыз да бар...

Ойлап қарасак, соңғы жылдары «ажал трассаларында» қаншама өмір қиылды? Қаншама ана жесір, бала жетім қалды? Қыршынынан қиылғандар қаншама? Тұла бойынды үрей билеп, жолға шығуға қорқасын... Бірақ ку тіршілік табанынды қышытып, жолға шығасын. Кешегі кайғылы оқиғалардан сабақ алмай, тез ұмытып, көлігіңнін жылдамдығын барынша арттырып, газды басасын келіп... Ажалға асығып бара жатқандай... Әйтеуір, асыққан адамдар!

Қара жер тойынған емес, жасты да, жасамысты да, баланы да, шағаны да, шенеунікті де, шендіні де, қарапайым шаруаны да талғамай, тағдырын талқандап, жол бойында жұтып жатыр, жұтып жатыр.

Міне, күні кеше Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауылына жақын маңда адам айтқысыз ірі жол апаты орын алды. Жол апатынан 14 адам ауруханаға жеткізілді. Жараланғандардың үшеуі жансақтау бөлімінде жатыр. Алты адам бакилық болды. Енді апаттын салдары туралы айтайық. Ташкент тасжолы бойында келе жатқан «Форд» шағын автобусы алдында келе жатқан «КамАЗ көлігін басып озбақ болғанда, *(куәгерлердің айтуы)* қарсы бетте келе жатқан «Тойота» көлігімен соғысқан. Ашығын айтайын, санамызға сіңіп кеткен орыс сөзі — «обгон» түбімізге жететін сияқты. Жол-көлік апатының бәрі дерлік «обгоннан» басталады. Асығыс тірлік ажал күштырады. Бәрінің де басып озғысы келеді. Зуылдап өте



Кері кеткен

Мектеп жабылды



Жаңа оқу жылы басталса да, мектеп құрылысы тоқтап тұр. Есесіне, Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданындағы мектеп оқушылары далада қалды.

өздерінің штабын да босатып берген. Қазір оқушылар екі ауысым бойынша оқып жүр. БКО Теректі аудандық білім бөлімінің басшысы Дайыр Сапаров, егер жөндеу жұмысы келесі жылға қалса, жобалық-сметалық құжат жарамсыз болып қалар еді, — деп отыр. Қазір мектеп қанырап бос тұр. Ақша шілдеде бөлінгенімен жұмыс әлі басталмаған.

Себебі білім беру ордасы жөндеуге жабылған. Қазір 400-ге жуық оқушы мектептен тыс жұмыс орталығы мен аудандық білім беру бөлімі, тіпті өрт сөндірушілердің штабында оқып жатыр. «Астана» телеарнасы хабарлағандай, құрылыс жұмысы әлі басталмаған. Мектебі жөндеуге жабылып, далада қалған оқушыларға аудандық мекемелер жанашырлық танытыпты. Мәдениет үйі мен балалар бақшасы бос бөлмелерін ұсынса, өрт сөндірушілер, тіпті

Құрық

Хабарда Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік кіріс департаментінің бас маманы Е.Көкебавтың

Ақша құнсызданғалы параның мөлшері ұлғайып барады. Шымкентте 1 млн теңгені пара ретінде алған салық қызметкері ұсталды. Бұл туралы мемлекеттік қызмет істері министрлігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы хабарлады.

1 миллион теңгемен ұсталды



қызмет бабын пайдаланып, жеке тұлғадан 1 млн теңгені пара ретінде алғаны айтылды. Е.Көкебаев жергілікті азаматқа салық бойынша тексеруді «ойдағыдай» шешіп беруге уәде берген. Қамауға алынған салық қызметкеріне қатысты тергеу амалы жүргізілуде.

МАЗАСЫЗ МҮЙІС



www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Мәселе

Бүгінде PR түсінігі өмірімізге дендеп кірді. Бұл сөздің мағынасын түсінсе де, түсінбесе де, онды-солды, қолданатын болдық. Әсіресе, журналистикада. Бет-жүзіне қарамай мақтаса болды, жұмыс-жоспар орындалды деген түсінік бар.

Мақтауға келер болсак, казак журналистикасының, әсіресе, аймақтық баспасөзде мақтау деген кеңес дәуірінен бар. Халықтың алдында, көзінше мақтайсын. Артынан, көзден тасада сықпытып жамандайсын. Жетістіктерге кол жеткізе бастағанда, кедергі жасайсын, аяғынан шаласын. Өлген соң, жаназаға жиналған көпшіліктің алдында тағы бір мақтарсын. «Өлген туралы жаман айтуға болмайды» — деген қағида бар. Сол себепті де, «марқұм, жақсы еді» — дерсін. Жә, тірілерге оралайық.

Сән әлемінде пиар түсінігі қандай? 19-20 жастағы аяғы оқтаудай тұзу, қыпша бел сылқымды арулар сайысына қатыстырамыз. Одан модель жасаймыз. Реті келсе, супермодель қылып та жібереміз. Эйнштейн секілді ғұламаның фоньна тұрғызып қойып, видеоға түсіресін. Ақылды сөз айтқызып, ақылды ару қылып көрсетесін. Меілі, ол бойжеткен қауақ болса да, айналада болып жатқан жайттан хабары болмаса да. Ресей шоу-бизнесінде де ақылсыздар өте көп. Екі сөздің басын қосып, сөйлей алмайтын әншісымақтардың аузына әдемі сөз салып, халықтың көңілінен шығару үшін жасалатын жағдайлар аз емес.

Сапарбаевтың жауабы қысқа болды: «Мен халық үшін жүгіріп жүрмін. Егер бәзбіреулер маған қарсы шыкса, халыққа қарсы шыққаны» *(мағынасы осындай — ред.)* деп қайырды.

Өңірдегі тілшілердің бірі ретінде көзіміз көріп жүргені — Бердібек Мәшбекұлының жанында ешқандай пиарщик жоқ. Галстугін түзетіп, шашын дұрыстап, осылай сөйлесеніз, халық сізді жақсы көріп кетеді деп жатқан пиар маманын көрмедік. Үлкен кісі ғой. Өзінің көрегендігі мен мемлекеттік қызметтегі жылдар бойғы тәжірибесі, өмірлік ұстанымы, қарапайым халыққа мейлінше жақын болуы көпшіліктің ықыласына бөлеп отыр.

Ал бұлардың барлығы пиаршының енбегінің нәтижесі десеніз, кетелесесіз. Рас, кейде әкім демократиялық принциптерге қайшы мәлімдеме жасап қояды. Осы кезде пиаршылары ма, кеңесшілері ме, қайда қалды? Тағы бір жайт, соңғы кездері БАҚ Ақтөбе облысына қатысты сыни материал жариялай бастады. Әсіресе, беделді, жетекші басшылар жергілікті әкімдікті «отырса опақ, тұрса сопақ» қылды. Оқырман ретінде, қарапайым тұрғынның бірі ретінде, әлгі басылымдағы әріптестерімнің көп сөзімен келісемін. Әрі-беріден соң, оларды қолдайтынымды да жасырмаймын. Одан қалды, облыс басшысын аяймын. Жеке өз ойым, келгеніне

PR және ӘРЕКЕТ



Казак шоу-той бизнесінде де пиар түсінігі жоқ емес. Бірақ сәл басқа. Инстаграмда онды-солды бірін-бірі мактап, дастарқаннан не жеп, не ішіп жүргенін салып, пиарлаттық деп сенеді. Әдетте, дастарқанды, онда тұрған тамақ атаулыны суретке түсіру этикаға жат екенін сол ерке әншілеріміз бен мәдениет саласының өкілінің дені түсіне бермесе керек.

Ал шенділер арасындағы PR ше? Жасыратыны жоқ, Ақтөбеде билік саласында PR түсінігі болмады. Бір шенді бар, келе сала қолына сыпырғыш алып көше тазартты, күрек алып тал екті. Жүрген-тұрғанын пиаршықсымақтары шыртылдатып суретке түсіріп, ғаламторға сала береді, сала береді. Жұмысы сол болса керек. Қайтсін енді, бала асырау керек, несие төлеу керек. Пиарлатып берсе болды, оның артында халық жек көріп кетеді-ау деген ой келе қойса, қәнеки?! Ал мұны ойлап тұрған ол жок.

Халық арасында облыс басшысы Бердібек Сапарбаевтың да «PR мықты» деген түсінік бар. Құдды бір айналасында PR мамандары қаптап жүргендей. Ақтөбеден өзге қалаларға жолын түскенде, «Сапарбаевтың пиары мықты, кім оны сонша көтеріп, әспеттеп отырған?» — деген сарында сұрақтың астында қаласын.

Рас, әкімнің жүрген-тұрғанының бәрі БАҚ бетінен түспейтін болып кеткен кездер болды. Сыртта *(сарпашысымақтары ғой сол)* отырғандар «әй, пиарщиктер, бәсендіңдер» деген сарында ақыл-кеңес те жаудырып жатқан тұр танытып қояды. Мактаудың бәрін PR деп түсінетін болса керек.

Рас, облыс басшысының істеген тірлігіне халық тамсанады. Бұрын-сонды мұндай әкім көрмеген соң, журналист атаулы да оның жұмысын шын ықыласпен көрсете бастады *(пиарлату емес)*. Алайда билікте отыруды дәреже көретіндер жоқ емес. Клан деген бәлі бар. Жақын жерде де бар, алыста да отыр. Мұндай мактауды көтере алмаса керек, Сапарбаевтың халық махаббатына бөленгеніне шыдастық танытпай, ара-тұра бірденелерді жазып, бомба қойған болады. Біраздың былығын ашып, онай ақшадан қакқан соң, өш алғыштар армиясы да артатыны сөзсіз. Биліктегі азаматтар да екіге бөлініп, бірі жактатқы, бірі сүрінгенін тілеп отырады.

Таяуда, журналисттермен болған кездесуде «дұшпандарыңыз бар шығар, әсіресе кландар соғысы деген түсінік бар, сондайлардың соккысына дайынсыз ба?» — деген сарында сауал тастағанбыз.

бір жыл енді толған Сапарбаевты көпшілік алдында, одан қалды қас-дұшпандарға күлкі қылып отырған менің әріптестерім дегенге келіспеймін.

Бұл ретте, Алматы, Астана қалаларында ғаламторда отырып алып, «Сапарбаевтың пиарщиктері тым артық жұмыс істеп кетті» дейтіндердің «сол пиарчиктер қайда?» — деп сауал тастамай отырғанына таң қаламын. Пиаршылар тек жаалақы алып, баласын асырап, несиесін жабушылар емес қой, осындай сыни дүниеге де мән беріп, әрекет жасауы керек емес пе? Ондай байқалмайды. Бәлкім, сынап жүргендерді *(журналисттерді)* «онбағандар, сауатсыздар, басы істемейтіндер» армиясына коса салу онай ма деп қаласын.

Алайда халық сол ақпарат құралдары өкілдерінің көзімен көреді, құлағымен еститігін ұмытпау керек.

Шын кінәліні әкімдік айналасынан іздеу керек. Әкімдіктен ішінен іздеу керек. Күні кеше «алтын жалатылған кресло керек» — деп бір шенді шықты. Тағы бірінің қымбат ылдыстан тамақ ішкісі келсе керек. Құны миллионнан асатын картина керегіп қалыпты.

Тығындары ашылып кеткенге ұқсайды. Мұндайлар бұрыннан жасалып жатқан да шығар.

Ақпараттар ашық болмаған соң, халық біле де бермейді ғой. Соңғы кезде мемлекеттік сатып алуға қатысты сайтта барлығы ашық көрсетілген соң, астаналық әріптестер қазбалап-қазбалап, Ақтөбе әкімдігін жерге қаратты. Ақтөбе облысы әкімдігі ғимаратының суретін жанына конжитып қоя қойыпты. Әкімдіктің бас «тұрғыны» әкім болған соң, аппетиті мықты шенділер алдымен Сапарбаевты абыройсыздықта қалдырып келеді.

Реті келіп тұрғанда, айта кетейік, таяуда ақпарат құралдары «Сапарбаевтың берген уәдесі уақытылы орындалмай келеді» — деген сарында көлемді материал жариялады. Жүрген жерінде әкім тұрғындардың мұн-мұқтажына құлак асып, одан қалды араға абыройы мен беделін салып, шетелдіктерді шақырып, тың бастама көтеріп, орынбасарларына тапсырма беріп жататынын көзіміз көріп жүр. Өкінішке қарай, уақытында орындай алмаған орынбасарлары да айналып келгенде, әкімдерінің атына кір келтіруде.

Асқар АҚТІЛЕУ, Ақтөбе

Озық тәжірибе

Енді ше? Жігерлі әрі білімді жастың шабыты асып-тасып тұрса, қайтсін? Әрі жалғыз Айдар ғана емес, мұндағы әрбір оқушы жұмыс жасап, жазғы каникул кезінде уақытын тиімді өткізеді. Алайда бұрын робот құрастыру тәжірибесі болмағасын, сәл қиындау соғып жатқаны бар. Десе де, ойы бір, пікірлес жандардың арқасында кез келген идеяны лезде жүзеге асырады. Бұған коса, Айдардың өзі де кара жаяу емес, бұрыннан икемі бар. 7-сыныпта робот туралы ғылыми жоба қорғап, Көкшетаудан I орын алған. Сол кезден бастап робототехниканы біртіндеп менгеріп келеді. Роботты апта соңына дейін жасап шығу үшін Айдар арнайы жұмыс кестесін жасаған. Робот құрастыруға күніне 3-4 сағат жетеді. Алайда инженериядан арнайы білім болмағасын, ең басты қиындық — робот бағдарламасын жасау екен. Роботтың алгоритмі, яғни ғылымның негіздері керек, барлығын алдын ала ойластыру қажет. Әйтсе де, өзінің ізденімпаздығының, еңбекқорлығының арқасында роботты құрастырып қана қоймай, оған өзінің түзетуін де енгізеді.

Айдар Тасығанның бүгінде бір минут та бос уақыты жоқ. Қолы қалт етсе, ол робототехника зертханасынан табылады. Айдар Алматы қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназиясының жоғарғы сынып оқушысы. Оның жазғы үш айлық каникулы дәл осы зертханада өтті. Бірақ робот құрастырудан әсте жалыққан емес.

оқушыларды техникаға баулитын нұсқаушының рөлі зор. Негізі, робот құрастырудың екі түрлі жолы бар: Lego mindstorms және Arduino. Lego, яғни дайын бөлшектерді құрастыруда жас ерекшелігіне шектеу жоқ: 1-сынып оқушысы да қатыса алады. Сонда жеткіншек кәмелеттік жасқа толғанда, нағыз өз ісінің маманы болып шығады. Ал Arduino түрінде балалар кандай да бір техниканың бөлшегін толықтай өзінің идеясымен жасап, бағдарламасын сызып, содан кейін ғана құрастырады. Демек, мұнда жасанды интеллектке, яғни адамның жұмысын роботтардың атқаруына үлкен мән беріледі. Бұл құптарлық жайт. Себебі қазір әлемнің дамыған көптеген елінің білім беру жүйесінде «оқушылардың ізденімпаздығын, зияткерлігін, логикасын дамыту үшін

РОБОТ жасаушы



Айдар Тасыған «Ата-анамның бұл саладан аса хабары жоқ. Бірақ, мен өзім үйде ғаламторға кіріп, робот туралы мәлімет іздеп, оқимын, дайындаламын. Біз тек қана ғаламтордан емес, өзіміздің ойлап тапқан заттарымызды осы роботтарға енгіземіз. Дұрыс жұмыс істеу үшін кейбір затты өзгертеміз. Мысалы, осы роботқа біз колор сенсор деген бөлшекті қостық. Ол жүріп, едендегі түсті анықтайды. Ол кара сызықпен жүру үшін қолданылады» дейді. Айдардың қасында әу баста 2-3 серігі болатын. Қазір олардың қатары екі есе өсті. Кімнің ықыласы болса, дереу сол адамды қатарына қосады. Команда мүшесі Жөкен Дүйсебаевтың айтуынша, командада 11 оқушы бар. Ол «Әрқайсымыздың командада орнымыз бар. Біреуіміз білмей жатсақ, екіншіміз толықтырып, бір-бірімізден ой сұрап, бір-бірімізге көмектесіп отырамыз. Мысалы, біреуі роботтарды жақсы құрастыра алса, біреуі бағдарламалауын жақсы жасайды, компьютермен жақсы тіл табыса алады. Бір-бірімізді толықтырып, үйретіп отырамыз. Өзімізді жақсы командамыз деп есептеймін», — дейді. Бұл гимназиядағы робототехника зертханасы білім және ғылым министрлігінің бастамасы бойынша ашылған. Министр әрбір университет бір-бір мектепті қамқорлығына алып, робот құрастыру бойынша атаулы зертханасын ашуды тапсырған еді. Соған сәйкес, елімізде Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті бастамаға алдымен үн қосып, №159 гимназиядан дәл осы зертхананы ашты. Әзірге 5 мектепте зертхана ашқан университет алдағы уақытта мұны 10-ға жеткізбек. Бірақ мәселе сан да емес, сапада дейді. Яғни қазіргі жұмыс істеп тұрған зертханалардағы нұсқаушылардың, мұғалімдердің біліктілігін арттырып, жиі-жиі мастер-класс өткізу жоспарда. Әрі зертхананы құрал-жабдықпен толықтай қамтамасыз ету де университеттің мойнында. Негізі, робот құрастыру мектеп бағдарламасында жоқ, үйірме сабағы ретінде жүргізіледі. Мектеп бағдарламасына былдан бастап еніп жатыр екен. Ал бұл үшін IT университетінен апта сайын келіп,

дәл робототехника» атты ғылым саласы мектеп жасынан бастап үйретіледі. Соған сәйкес, білікті мамандары бар дәл осы гимназиядағы робототехника курсының ашылуын ұстаздар қауымы жақсылыққа балап отыр. Айдардың ағылшын тілін жетік білуі — робот бағдарламасын өзі жасауына септігін тигізді. Әуелі идеяға қағазға түсіріледі де, оны жүзеге асыру үшін қанша және қандай материалдың керектігі есептеледі. Ақыр соңында, болашақ өнертапқыш ретінде техникалық қауіпсіздік шарасын қатаң сақтай отыра, оқушылар іске кіріседі. Ал университет ұжымы ара-тұра келіп бағыт беріп, жөн сілтегенімен, негізгі жұмысты оқушылардың өзі атқарған. Содан болар, зертхана маусым айында ашылса да, оқушылар бүгінге дейін 4 робот жасап үлгеріпті. Бұл жайт — Айдардың мектептен кейін адаспай өзінің мамандығын дәл табуына ықпал етсе керек. Әзірге, үйірмедегі оқушылар робототехника бойынша шағын жобалармен айналысып жатыр. Ал бұдан тәжірибе жинаған соң, олардың болашақта қызықты әрі күрделі ірі-ірі деңгейдегі жобаларға онай ауысып кете алады. Бұған мектеп ұжымының қарымы толық жетеді. Айдар сынды білімді оқушы да, тың идея да, құрал-жабдықтар да және ең бастысы, шынайы ниет те бар. Бұл ретте Айдардың болашақта робот құрастыру мамандығын таңдауына мұғалімдер қауымы да оң баға беріп отыр. Себебі робототехника адамның ой-өрісін дамытады, конструкциялауға, бағдарламалауға үйретіп, шығармашылықты шыңдайды. Әрі бұл электроника, механика, электро-радиотехника тәрізді пәндерді біріктіріп, құрылыс, өндіріс, тұрмыстық, авиациялық сынды сан салаларда кең қолданысқа ие болмақ. Бұған коса, болашақта бұл қолданбалы ғылымға сұраныс арта түспек. Әлемдегі үздік сарапшылар 2020 жылға дейін басқаруға қажетті ақпараттың көлемі 50 есеге өседі деп болжап отыр: ал осы ақпаратты басқаратын IT қызметкерлері 1,5 есеге өседі екен. Демек, ақпараттық технологиялар дамыған қазіргі заманда информатика саласының маңызы күн санап арта бермек.

Дархан КӘРІМОВ

Жаңа әдіс

Жезқазған өңірінің тумасы Жандос Жұманов оқушы кезінде физикаға қызығатын. Олимпиадаға қатысып, жүлде де алған. Алайда қазір мүлде басқа салада жұмыс істейді. Ақпараттық жүйе мамандығын таңдапты. Бұған мектепте оқып жүрген кезінде информатика пәнінің мұғалімі әсер еткен. Компьютерде әр түрлі бағдарлама жасап, оқушының құштарлығын оятыпты. Сөйтіп, 2004 жылы орта білім ордасын бітірген соң Алматы қаласындағы Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті атанады. Міне, содан бері бакалавриатты да, магистратураны да осы жерден тәмамдаған. Қазір докторантурада оқиды әрі аға оқытушы, ғылыми қызметкер. Ғылым демекші, былтырдан бері жаңа жоба — машиналық аудармамен айналысады.

Ж. Жұманов «Машиналық аударма негізінен қызық нәрсе. Жай аударманың не екенін білеміз: ол бір тілдегі мәтінді басқа тілге аудару. Сонда аударылғанда мазмұны, формасы толықтай сақталу керек. Егер ол әзіп, күлкілі мәтін болса, аудармасы да күлкілі болғаны дұрыс. Ал ғылыми материал болса, оның да стилі сақталуы тиіс. Ол тек көбінде адамның қолынан келеді. Қазір сол қызметті атқаратын компьютерлік бағдарлама жасау керек. Морфология, синтаксис, семантика тақырыптың терминологиясы, стилі соның бәрін компьютерлер әлі түсінбейді», — дейді. Сол себепті, Жандос бастаған топ компьютерге қазақша сөздер енгізіп, лингвистикалық бағдарлама жасаған. Әрі ол бағдарламаны қазақ тілінің грамматикасына, тілдік ерекшеліктеріне сай жасап шыққан. Жобаның жаңалығы осында. Әйтпесе, бұл әлемде 1950 жылдан қолға алынған еді. Ал отандық мамандар 10 жылдан бері бұл тақырыпты әбден зерттепті. Қазақ-ағылшын, ағылшын-қазақ және қазақ-орыс тілдеріне машиналық аударма жасайтын бағдарлама жылдан-жылға жетіліп келеді. Қазір Жандостың тобы аудармадағы лексиконды байыту үшін электронды сөздік жасап жатыр. Алайда миллиондаған жандардың көмекшісі ең танымал Google іздеу жүйесінің аудармасы тұрғанда, машиналық аударманың қажеті қанша деген сұрақтың туындауы заңды. Бұған өнертапқыштың жауабы дайын. «Негізінде Google жер бетінде өте күшті компания деп айтуға болады. Ізденіс жағынан әлемді басып кетті. Әлемде тек қана екі ел біздеу жүйесін қолданбайды. Ол Ресей мен Қытай. Қалған жерлерде Франция болсын, Еуропа, Африка болсын Google-мен іздейді. Дегенмен Google мен біздің аударманы салыстырып көруге болады. Сол кезде айырмашылығын байқайсыздар. Менің ойымша, Google аударма қызметін күннен-күнге дамытып

«МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!» ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЛИРИК АҚЫНЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ЖАСТАРҒА ОСЫНДАЙ ӨЛЕҢ БЕКЕР АРНАМАСА КЕРЕК. БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗДЕ ЗАМАН ТАЛАБЫНА ТӨТЕП БЕРІП, ҚАДАМЫН НАҚТЫ БАСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖАС ӨРЕНДЕР БАРШЫЛЫҚ. МАМАНДАРДЫҢ СӨЗІНЕ СЕНСЕК, БІЗДЕ БІЛІМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ. ДӘЛ ОСЫ ЖОЛ ЕЛІМІЗДІ ЖАҒАНДЫҚ ДАҒДАРЫСТАН ҚҰТҚАРАДЫ ДЕП ОТЫР. ОСЫ ТҰСТА ЖАС МАМАНДАР МЕН ӨНЕРТАПҚЫШТАРДЫҢ АТҚАРАР ОРНЫ ЕРЕКШЕ. КӨЗІ ҚАРАҚТЫ ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ЕКІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ ҰСЫНБАҚШЫМЫЗ. ӨНЕРТАПҚЫШТЫҢ БІРІ – РОБОТ ҚҰРАСТЫРСА, ЕКІНШІСІ – КОМПЬЮТЕРМЕН ӨЗГЕ ТІЛДЕГІ СӨЗДІ ҚАЗАҚШАҒА САУАТТЫ АУДАРУДЫҢ ЖОЛЫН ҚАРАСТЫРЫП ЖАТЫР.

Біз де аудараламыз



жатыр. Бірақ біздің ерекшелігіміз — біз қазақ тілін де, орыс тілін де, ағылшын тілін де білеміз. Ал ол сайтта аударма жасайтын адамдар қазақ тілін өте жақсы білмейтін сияқты. Мүмкін қазақ тілін білетін адам жоқ та шығар. Біз қазақ тілінің грамматикасын, қазақ тілінің ережесін бағдарламаға енгізіп жатырмыз», — дейді Жандос Жұманов. Мамандардың сөзіне сенсек, ғаламтордан іздеу мүмкіндігін ұсынатын веб-тораптардың кей аудармасының сапасы әлі де төмен дейді. Айтуынша, қазақ тілінің бүкіл ереже-емлесін сақтап, лингвистикалық бағдарламаны сол елдің азаматтары түзу қажет. Әзірге, республикалық деңгейде қолға алынған бұл жобаға отандық ғылым-білімнің қарашанырағы саналатын Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі студенттен бастап оқу-профессорлық құрамға дейін тартылған. Машиналық аудармаға қатысты жоба үш жылға арналған: 2015-2017 жылдарды қамтиды. Жобаның мақсаты — өнеркәсіптік деңгейде қолданылатын компьютерлік аударма жасайтын бағдарлама жасау. Ал бұл биік мақсат үшін ақпараттық жүйе кафедрасының менгерушісі, ғалым Әлішер Әнуарбекұлы Жандосты қамқорлығына алып, ғылыми жетекшісі атанған. Қазір осы машиналық аударманың сапасын арттыру үшін шетелдік серіктестерімен бірігіп, тағы бір ірі жобаны қолға алған. Әлішер Төкеев «Біздің Испанияда серіктесіміз бар. Өткен жылдан бері Валенсия аймағындағы Алекало қаласындағы университетте машиналық аударма саласымен айналысатын Еуропалық машиналық аударма қауымдастығының президенті Микель Форкада деген профессор ғалымның ғылыми тобымен үлкен жобаны қолға алдық. Бұл жобада мен ғылыми жетекші болсам, Жандос жауапты ғалым», — дейді. Жандос дәл осы диссертациялық тақырыппен талай ғылыми жиындарға

қатысқан. Жакында Грекияда өтетін конференцияда еліміздің атынан 20 баяндама оқылады. Соның төртеуі — осы механика-математика факультеті ғалымдарының еңбегі. Докторант Жандос университеттің талабына сәйкес, шетелдік екінші жетекші таңдаған. Ғылыми жетекшісі де ақпараттық жүйелер саласындағы белгілі ғалым, профессор АҚШ-тың Юта штатындағы белді бір университетте дәріс оқиды. Дәл сол америкалық ғалым біздің кейіпкеріміздің көкірек көзін көп нәрсеге ашқан. Бұл, әрине, машиналық аударма саласының дамып-жетілуіне және тұтынушылар арасында танымал болуына ықпал етері даусыз. Ж.Жұманов «АҚШ-қа 2 рет ғылыми жұмысым бойынша стажировкаға бардым. Машиналық аударма туралы компьютерлік лингвистика туралы оқыдым. Жетекшім Бриган Янг университетінде сабақ береді. Лингвистика департаментінде. Ол аудармашыларды, тілмаштарды дайындайды. Соның лекциясына қатыстым, тыңдадым. Себебі программа жазу үшін сол саланы түсіну керек. Мысалы, мен компьютерлік аударма жасайтын бағдарлама жазғаннан кейін аудармашыларды жұмысын жетік білүім керек», — дейді ойын қорытындылап. Технология алға басқан сайын машиналық аударма да әр түрлі деңгейде дами беретіні белгілі. Ал ауқымды әрі қажетті саланың жетілуі ғалымдардан да білімін арттырып, тәжірибесін толықтырып отыруды қажет етеді. Сол себепті, механика-математика факультетінің ұжымы биыл 4-5 магистрантқа халықаралық Scopus деңгейінде ғылыми мақала шығару керек деп талап қойған. Демек, жүйелі, тыңғылықты әрі ең бастысы, сауатты жүргізілген кешенді іс-шараның арқасында Жандос жүргізіп жатқан машиналық аударма саласының да интеллектуалдық әлеуетінің арттары анық.

Жарыс

Электр мамандары жарысты

Алматыда еліміздің үздік электрмонтер бригадасы анықталды. Дәстүрге айналған жарыста әр аймақтан жиналған 9 ірі электр тораптық компания өзара бақ сынады.



Жарыстың 7 кезеңінің қорытындысы бойынша ең көп ұпай санымен бас жүлдені «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның желі шеберлер бригадасы жеңіп алды. Олар — ГАЗ 33086 автокөлігімен марапатталды. Бірінші орын және «Соболь-Бизнес» ГАЗ 2310 автокөлігі «Шығыс-Казакстан Аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ-ға жолданады. Lada 21214 автокөлігі және күміс кубок «Қарағанды Жарық» ЖШС-ның еншісінде. Жұлдегерлердің үштігін «ТАТЭК» АҚ-ы аяқтап, оларда Lada 21214

автокөлігімен марапатталады. Төртінші орын Манғыстау электр тораптық Бөлу Компаниясы» АҚ-да. Бесінші орынды «Ақмола ЭЖТК» АҚ мен «Батыс Казакстан ЭЖТК» АҚ өзара бөлісті. «Үздік төрешілер бригадасы» атағы Бахыт Күлбаев, Владимир Баранов, Нұржігіт Кенжеевке берілді. Жарыста, сонымен қатар «Үздік шебер» атағы анықталды. Ол «ШҚ ЭЖТК» АҚ қызметкері С.Спивак болды. «Үздік электрмонтер» атағына «Ақмола ЭЖТК» АҚ-ның өкілі Д.Клименко лайық деп танылды.



Ару ана

(Басы 1-бетте)

Арасында мәз болып күліп те қояды. Қолын сілтеп, бетін басып күлген сәтінде баяғы тәтті қыз күнгі қылығының сақталып қалғанын аңдайсыз.

— Өскеменнің Ағарту техникумына түскенбіз. Күздігүнгі уақыт. Бір күні сабақтан шыққаннан кейін киімлігіштен пәлтемі алып кісем, қалтасынан хат шықты. Оқысам, «бірдене-бірдене... Сені жақсы көрем, бөлен-түген» деген мәндегі әңгіме. Кейбір құрбыларымның да сондай сөлемдеме алып жүретінінен хабардармын-ды. О кезде ондайды аса ұнатпаймыз. Мен де «Бұл не пәле!» деп, жыртып-жыртып лақтырып жібердім. Ардада үш-төрт күн өткенде әлгі жадлай тағы қайталанды...

Болашақ батыр жанының жалынына орап салған хаттарына жауап бола қоймаған соң батылырақ әрекетке көшуді ұйғарған секілді. Кешке жақын жатақханасына беттеп бара жатқан бірінші курстың қызын соңынан қуып жетіп: «Асыл! Токташпы! Айтатын сөзім бар еді. Саған хат жазған мен едім. Атым — Қасым. Сенімен танысқым келеді» дейді.

— Бастапқыда аздап тіксінгеніммен, көз тоқтатып қарасам, әп-әдемі бала. Қайратты қалың шашы дулырап, уызға тойған козыдай монтиып, кібіртіктеп тұр. Қонырқай балғын жүзінен адалдығы, аңғыртығы аңғарылды. Екі иығына екі кісі мінгендей алып тұлғалы жігіт. Техникумда үшінші курста оқитын көрінеді. Сонымен қойшы, 1937 жылы қосылдық қой. Кетері болмағаным рас. Ол үйдің сегіз баласы бар екен, тоғызыншы болып мен кірдім. Жасым он алтыда, ол — он тоғызда. Құда түсіп, әйтіп-бүйткен жоқ, бір күні жетектеп алып барды да, содан қалып қойдым ғой. Тіркеуге де бармадық. Жасым көмелетке толмағандықтан, әңгіме көбейіп кететін сияқтанды. Ата-енем өте ардақты адамдар еді. *(Асыл ана аттарын атамай отырған кісілер — батырды дүниеге әкелген Бижамал ана мен Қайса әкей. К.М.).* — Жатқан жерлері торқа болғыр, өз әке-шешемнен кем емес-ті. Мен алғаш барғанда үйге бір нағашы апалары қонаққа келіп жатыр екен, со кісі мән-жағдайды байқап, «енді осы үйге келін болдың, айналайын, бағын жансын!» деп орамал ыңғайлай бастағанда, қайынатам: «Салмаңдар ештеңе!» деп тыйып тастады. Менімен жасты Сақыпзада деген қызы бар-тын. Онымен төртінші класта бірге оқығанбыз. Әкей мені содан біледі екен. Енемді төте деуші ем. Дариядай кісі еді. Қазақшылық жасап, ешқашан келін демеді, тіпті өз балаларынан артық көрді.

Кәсекеннің 1940 жылы Совет Армиясы қатарына шақырылғаны мәлім. Одан соғыс басталып кетеді де, жас келін ата-ене қолында қалып қояды.

— Жұмысқа тұрғанмын. Үйде менен өзге жұмыс істейтін кісі де жоқ о кезде. Қасымның іні-қарындастарының бәрі жас. Сөйтіп алапат соғыс жүріп жатқан Батыс жаққа көз тігіп қойып тірлік кештік. Еңбекақымды әкелем де атама ұстатамын. Атам байғұс қуанып, «Асылжанның айлығына бөлен алдым, түген алдым» деп қауқылдап жетуші еді жарықтық. Менікі де қайбір қарық қылатын табыс дейсің, әйтеуір, үлкендерді риза қылуға талаптанамын ғой. Тамағымызды тауып жесек деген тілек о тұста. Әкей де өте еңбеккор адам, тырбанып тіршілік жасап, бала-шаға асыраудың қамымен жүреді. Қасымнан хабар жоқ, бірақ үнемі бүгін-ертең жетіп келетіндей елегзи берем. Үміт үзбедім. Әйтеуір, бір жерде жүр ғой деп емексімін. Әйтпесе күдер үзсем, мүмкін, кетіп те қалатын ба едім. Ондай ойі көперге кірмепті. Көбінде сәуегейлерге бал аштырамыз. Ауылдағылар да жаппай құмалақ салып жатады. Ешбір уайымдама, Қасымын келеді күні ертең-ақ құстай ұшып деп жұбатады бәрі. Жақсы сөзге керемет қуанып, қанаттанып қайтушы ем. Осы, таң ата-ақ жетіп келетіндей болып елендеп жүретұғынмын.

Соғыс аяқталар тұста Асыл апай Алматыға ауысып, «Социалистік Қазақстан» газетіне қызметке орналасады. Редакцияның хат бөлімінде еңбек етеді.

— Бір күні майданнан жараланып қайтқан партизан ақын Жұмағали Саин аңадай жерде басшымыз Бәйдібек Әлимановпен сөйлесіп тұрды. Дауыстарын анық естіп отырмайын. «Украинаға жүргелі жатырмын. Жинастыратын бір документтерім бар еді» дейді. Украина дегенді естігенде тықырышып отыра алмай кеттім. Содан сөзіне құлақ түріп, қарап отырған адаммын шығуға айналғанда: «Аға!» деп тоқтатып, мән-жайымды айттым ғой. Арасында, соғысқа аттанғалы бері, Қасымнан бір ғана хат келген-ді. Украинадамыз, партизанмын; аман-есен жүріп жатырмыз, қалт еткенде тағы хабарласармын деген мағынада жазылған. Онда нақты адрес те

Қара көзі мөлдіреп, үнсіз ғана күлімсіреп тұратын талдырмаш ақсары қызды қатты ұнатқан балаң жігіт ақыры іңкәр сезімін үшбу хатқа тұзеді. Жасы бірталайға келсе де сыны кетпеген тәтей дауысы сыңғырлап, сол сәттердің елесін шолып отыр.

көрсетілмеген-ді. Жүмекене соны байындадым. «Менің жолдасым Қасым да партизан еді. Соғыс аяқталғалы талай өтті, күйеуімнен хабарсызбын. Енді сіз сол жакқа жүргелі жатыр екенсіз, әлде кездесіп қала ма, хат жазып берсем, тигізерсіз қолына» — деп ем, күлді. — «Қарағым-ау, Украина деген үлкен ел ғой. Оның қай жерінде кездесеміз! Жарайды, жазсаң жазып қой!». Сөйтті де, кетті. Аллауәкпір, содан ешбір сыбыс жоқ, арада нәуәуір уақыт өткен. Бір күні жұмысқа келсем, Ләзиза деген апай бар еді: «Саған Жұмағали Саин келіп кетсін деп сәлем айтыпты» деп, мекен-жайын сілтеді. Әлдене сүйіншіті жәйтті сезгендей, жүрегім өрекіп, айтқан пәтеріне дереу жеттім. Ақырын тықылдатқанымда, есікті ашқан орыстың кемпірі менің абыржып қалған түрімді көріп: «Жұмағалиды іздеген болсаңыз, ол — моншаға кетті. Бірер сағат күте тұруыңызға тура келеді» делі...

Сөйтсе, бұл атакты екі партизан, ақыры, сонау шет жерде ұшырасып,



— Сол күні Алматыда жапалақтап, қалың қар жауған. Шанқай түс. Төңірек аппақ. Қарға шағылысқан күн сәулесі жарқырап, көз қарықтырады. Саф ауа да көкірек сарайынды ашып, қала біртүрлі айрықша тазара түскендей, құлпырып, жасанып тұрған ерекше бір кез еді. Осының өзін жақсылыққа жорып, уақыт өткізу үшін үлкен саябақ арасында ұлпа қарлы жалдап, әрлі-берлі ұзақ жүрдім. Көңілім алып-ұшып, әлгі үй жакқа қарай тарта береді. Моншасы қай тұста екен? Жүмекен не үшін шақыртты? Енді, бекерден-бекер әурелемеген шығар. Қасымнан бір дерек әкелгені анық деп алабұртамын. Қойшы, ақыры, бір айналып келіп есікті ашсам, тар дәлізде өзімнің Қасымым дөңкііп, шинелін іліп жатыр. Жүрегім атқақтап, есімнің шыққаны түсінікті ғой. Бұл, Жүмекен екеуі пойыздан түсіп, үйге жеткен бойда моншаға барып, енді содан қайта келген беттері екен. Қасым да көзі бақырайып жалт етіп қарап, бір сәт абдырап қалды да, ұмсына ұмтылып келіп, бас салып аузымнан сүйіп алғаны. Өмірімде ондай болған емес. Жүзім алаулап қатты қысылып, сонадайдағы Жұмағали ағаға ауымды басып, жүзгендеп қарай берсем керек. Ұят қой. «Ештеңе етпейді, ештеңе етпейді!» делі о кісі жымыып. Қасым, осы, лапылдап, мені қаусыра құшақтап, бетімнен өбіп, ойпырым-ой, үсті-басыма тіңте қарап, шыр айналып жүр. Киімім тым жұпыны. Нашар. «Мына пима өзіндікі ме?!» дейді. Ол да ә дегенде

Еңлік қияда гүлдейді

Жұмағалидың Қасымды елге алып оралған беті көрінеді. Қәсекеннің өз естеліктерінде де аз-мұз айтылатындай, Украинадағы партизан жолдастары батырды алғаш Қазақ еліне қайтпай-ақ қойсайшы деп азғырғандары аян. «Сен мұнда Александр Тканко әділ бағалағанындай, ерлігің үшін есімің Карпат шынының тасына жазылуға тиісті әйгілі батырысың. Белоруссия мен Украина жерін азат етуге қатысқан данқты диверсанта-барлаушысың. Ал ол жакта не бар. Кім таниды. Жерлестерін қадіріне жете ала ма. Және қан көрген адамсың. Елмен тіл табысуынның өзі қиынға соғады-ау. Сондықтан, Вася дос, бақытыңды осы мекеннен тапқаның жөн шығар» десе керек қой. Мұндайда санаң сан-саққа жүгіріп, расында да, өз-өзінен бірталай толқитынында, екі ойлы болып әбігерленетінінді түсінуге әбден болады.

саскалақтап, аузына басқа сөз түспеген болуы керек. Не айтсам. Пима да жаман. «Өзімдікі!» деп күлдім. Өзімдікі болмаса кием бе. Міне, соғыстан кейін бірінші осылай кездесіп едік. Қасымды Жұмағали аға алып келді. Сол арқылы таптым ғой. Әйтпесе, мүмкін, ол со жакта қалып та қояр ма еді...

Біздіңше, қалмас еді. Әрине, кішіпейіл, біртоға батыр елімді сағындым, жеріме зарықтым, сүйген жарымды аңсадым деп аса үздіге қоймаған. Алапат майданның әсерінен арылып, ес жиып, солығы басылғанша қайтсем екен, осында жүре тұрсам ба, жоқ, жедел елге жөнелсем бе деп толғануды да заңды. Әйткенмен, жаны нәзік, адал азамат екі көзі төрт



атына дейін көрсет. Қай облыста, қай қалада. Әлгі түрменің нөміріне дейін нақтыла. Шындық болса соның бәрін ашықтан-ашық баяндамайсың ба. Текке сандалып жүргенше жазсаң, біріншіден, оның кітап болады. Екіден — ақша». О кезде, расында да, Ғылым Академиясы сондай қолжазбаларды ақысын төлеп қабылдап алатұғын. Ашығын айтқанда, жазушы болсын деген емеспін. Үйге тоқтаса деген дәме. Танертеннен кешке дейін қаңғиды. Сүрініп-жығылып, қызара бөртіп жетеді қас қарая. Жазып

— Ай, бір санаға сыймайтындай қисық-қыңыр әрекеттері де көп еді-ау! Жастау кезімізде айлық қолға тиген сайын базарға барып қой алатынымыз бар-тын. Саудаласатын — мен. Ол жай жүрген бөгде біреудей сонадай тұста состиып күтіп тұрады. Сатушыға: «Қойыңыз не деген қымбат! Кішкене арзанырақ бермейсіз бе?!» десем, Қасымым: «Әй, алсаң ал, алмасаң қой!» — дейді дүңкілдеп. Оған таңдана қараймын. — «Өй, сен сатып тұрған жоқсың ғой. Оның не?!». — «Енді, немене сонша саудаласып!». Сондай бірде малды алып, екеулеп сүйреп шықтық базардан. Қасым басынан тартып, мен артынан итеріп, тыпырлап, қиналып келеміз. Үйге дейін талай жер. Аяғынан да қағамын, құйрығынан да ұрамын, әлгі құрғыр сіресіп, төрт тағандап тартынып, жүрмейді. Әбден діңкелетті. Сосын Қасым бір-екі көшеден бұрылған соң қойды теуіп-теуіп жіберді де, қолын бір сілтеп кетті де қалды. Маған қараған да жоқ. Не істейін енді. Содан демала-демала тұрып, малды біресе жүлқылап сүйреп, біресе итеріп, итішілеп әкелдім-ау, ақыры. Келсем, күйеуім үйде жүр. Мәйкішен. Жайбарақат. «Иә, немене, алып келдің бе?!»

дейді. — «Енді, қайтем. Тастап кетем бе!». — «Тастап кетсең етті қасқыр жегірді! Өзі бір қырсық қой екен!». Ой, несің айтасың, сондай қызық мінездері бар еді...

Кейінде дарынды режиссер Леонид Белозоровичтің басшылығымен Қазақ, Ресей, Украина телеарналары бірігіп түсірген «Қасым» көркем фильмі халықтың абыройын асырған туынды болғаны даусыз. Сондағы бас қаһарманның жараланып, қызуы көтеріліп, талмаусырап жататын кезінде қырады өрттей алаулаған қызғалдақ арасынан қол бұлап шақыратын әлдебір сұлуды естелететін кадрлар көрермен есінде болар. Осы көріністі, әлбетте, әркім әрқалай қабылдауы қисынды. Сол сәт менің көз алдыма Асыл арудың кескіні келіп еді.

Құттолеу МҰҚАШ

ҰЛТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



9

Білім

Технологиялардың зор шапшандықпен дамуы мен толассыз ақпарат ағынының қоғам мен экономиканың ахуалына ықпалы шектеусіз. Үдемелі қоғамдағы бәсекелестік адамнан күрделі тапсырманы орындай білуін талап етеді. Мұндай қабілет қалыптастыру үшін оқушыға дағдылы білім беру мен қатар, сыни, шығармашылық ойлауды, топпен жұмыс жасауды үйрету қажет. Бұған қоса, балалардың бойына білімқұмарлық, ынталылық, табандылық, көшбасшылық сияқты қасиетті сіңіру, жаңартылған білім мазмұнына классикалық білім берумен ұштастыра енгізілген. Осы ретте білім және ғылым министрлігінің тарапынан білім берудің жаңа жүйесі жасалып, өзекті деп танылған 12 мәселені шешуді қолға алған. Олар — орта білімнің жаңартылған мазмұнына көшу, мектепте аптасына бес күн оқу, орыс тілінде білім беретін оқу орындарында қазақ тілін жанаша оқу әдістемесі, ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістемесі, жоғары сыныпта пәндерді ағылшын тілінде оқытуды енгізу, бірыңғай оқулық енгізу, оқу материалы, шағын жинақты мектептермен жұмыс, ҰБТ-дағы өзгерістер, мұғалімге артылған міндет, мектептердің есеп беруін азайту және мұғалімдермен тікелей байланысу.

Осы аталғандардың жартысынан көбі қоғамның қызығушылығын туғызып, тартысты әңгіменің тақырыбына айналып үлгерді. Соның бірі — жаңартылған білім мазмұнын енгізумен қатар, мектептерді кезеңімен бескүндік оқу аптасына көшіру бастамасы. Бұл жерде оқушылар мен мұғалімдерге сенбі есебінен қосымша 34 күн демалыс беру ұйғарылған. Қазіргі оқу кестесі бойынша бір күн демалады. Нәтижесінде басқа іспен айналысып үлгермейді. Ал сенбі күнін «демалыс» — деп жариялау оқушылар мен ата-аналардың көптен күткен жағымды жаналығы. Отбасылық тәрбие мен баланы қосымша дамытуға, бір апта оқу жүктемесінен кейін, оқушының толық тынығып үлгеруіне және ата-анасымен демалыс уақытын бірге өткізуге берілген ерекше мүмкіндік екенін айта кеткен жөн. Сондай-ақ спорт немесе өнермен айналысуына да ынғайлы жағдай жасалады. Білім және ғылым министрлігі — оқу жоспарын онтайландыру үшін бұл іске тәжірибелі ұстаз бен әдіскерді тартуда. Жоспарға сәйкес, бескүндік оқу аптасына көшу барысында барлық бастауыш сынып оқу жылын 30 мамырда, ал 5-11-сынып оқушылары 10 маусымда аяқтайды деп күтілуде. Қалай тартқанмен де орта және жоғары сыныптарда оқу жылы 10 күнге ұзаратыны анық. Бірақ



Ел бірлігі

«ОҢТҮСТІК — ДОСТЫҚТЫҢ МЕКЕНІ»

Осындайда: — *Бақыт қайда барасың? — Соғысқа құмар ойы жоқ, Ұлан-асыр тойы көп, Бейбіт елге барамын!* — *Бақыт қайда барасың? — Көрішпен болған бірлігі, Тағат, ғибадат тірлігі, Ұйымшыл елге барамын!* — деп жырлаған жыраудың жыр шумақтары еріксіз еске түседі. Қазақстан Халқы ассамблеяның XX сессиясындағы сөзінде Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстандық жол жаңа тәуелсіз елдер үшін ұлттық жетістіктің жемісті үлгісіне айналды. Бұл қазақстандықтардың еңбегі мен тұтастығының

сабақ кезіндегі 34 қосымша демалыс күн үшін бұл ең ұтымды шешім. Бұл жобаны сатылап іске асыру кестесі жасалғанымен, оның тезірек орындалуын ұстаз қауымы да, оқушылар мен ата-аналар да асыға күтері шүбәсіз.

Білім беру жүйесіндегі көптен айтылып жүрген мәселенің бірі — «12 жылдық оқу үлгісіне көшу». Осы сөз шыққалы бері «12 жыл бойы не оқытады?» деген сұрақты қоюшылар бар. Алайда ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес барлық балалар мектепалды даярлығынан өтуі тиіс. Шындығына келгенде, қосылатын бір жыл мектепалды даярлығы сол нөлінші сынып, яғни біз күткен реттік нөмірі 12-ші сынып болмайды. Жоба авторлары баланы нөлінші сыныпқа 5-6 жастан қабылдайтынын ескеріп, одан өту мүмкіндігін мектепке дейінгі ұйымдарда да сақталуын ойластырған. Сол үшін аталған ұйымдарда қажетті жағдай жасау көзделген. Бұл жерде баса айтатын мәселе, қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын өзгерту жоспарланбаған. Жоғары сыныптарда (*10-11-сыныптар*) қоғамдық гуманитарлық және жаратылыстану — математика бағыттары бойынша бейінге бөлу өзгеріссіз қалдырылған.

Жаңа оқу мазмұнында орынды мән берілген бағыттың бірі — қазақ тілін

ӨЗЕКТІ 12 мәселе

жанаша оқыту әдістемесі. Баршаға белгілі жайт орыс тілінде білім беретін мектепте қазақ тілін қанша оқыса да — оқушылар оны күнделікті қолданбайды. Бұл кемшілікті оқу әдістемесінің осалдығынан іздеген министрліктің алға қойған мақсаты — мемлекеттік тілді оқытуды жетілдіру. Сол үшін жетекші ғалымдар мен сарапшылар бірлесе отырып, орыстілді оқушыларды қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға жеделдете үйрету үшін, мемлекеттік тілдің түйткілді мәселесіне баса назар аударып, қолданыстағы грамматикалық-аударма әдістемесінің орнына тиімділігі жоғары жаңа коммуникативті әдістеме мен оқулықтар даярлауда. Білім министрлігінің бұл қадамын, еліміздің барлық азаматтары қазақ тілін білуді абырой санайтын дәрежеге жеткізу мен оны нағыз ұлтаралық қатынас құралы ретінде қолдану мақсатында жасаған нақты шара деп қабылдауға болады.

Қазіргі уақытта ағылшын тілі басқа шет тілдердің арасында тұғыры биік тұр. Дамыған

Бүгінгі жас ұрпақ ақпараттық технология мен идеялар тайталасы шарықтаған ХХІ ғасырдың маманы. Жаһандану заманында бәсекеге төзімді мемлекет беріктігінің негізі – біліктілі және білімді азаматтары. Сол себептен, еліміздің ертеңгі тұлғасы бүгінгі жастар бәсекеге қабілетті білім алуы шүбәсіз шындық. Үйрету мен түсіндіруді мақсат ететін дағдылы білім беру жүйесіндегі оқу-жазу, есеп-қисап, қаржы, ақпараттық технология, азаматтық сауаттылық пен мәдениет – бәрі де күнделікті тұрмыстың қарапайым мәселесін шешуге ғана мүмкіндік береді.



елдерде, педагог пен мемлекеттік органның өкілдері «білім беру жүйесіне ағылшын тілі жеткілікті ме, жоқ, әлде өзге ұлттық немесе халықаралық тілді енгізу керек пе?» деген тақырыпты жиі талқылайтын көрінеді. Ал дамушы елдерде болса, ағылшын тілін жақсы меңгеру — экономикалық даму, қызмет көрсету аясын кеңейту мен өзге мемлекетіне қарым-қатынасын жақсарту мақсатымен байланысты. Осы мәселеге келгенде әр ел тарихы, лингвистикалық ландшафты мен экономикалық қарым-қатынасын ескере отырып шешім қабылдайды. Дамыған 30 елдің қатарына енуді басты бағдарға алған еліміз үшін ағылшын тілінде сауатты маман дайындау, осы мақсатқа жету жолындағы мемлекеттік стратегиясы. Осыған орай, мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2020 жылға қарай жоғары оқу орындары техникалық және медициналық мамандықтар бойынша ағылшын тілінде оқытуға көшпекші. Ол үшін биылдан бастап кадр даярлау қолға алынған. 2019 жылдан бастап орта мектептің тек 10-11-сыныпта төрт пәнді ағылшын тілінде оқыту енгізілмекші.

«Еліміздегі мұғалімдердің, оқушылар мен университет шәкірттерінің ағылшын тілінен сауаты қандай? Осы қойылып отырған талаптарға сай ма?» — деген сауал туындайды. Бұл сұраққа жауап іздеген жан болса, өз айналасына қарап-ақ пайымдай берсе болады. «Тіл үйренемін» деп ынталанып жүрген ұстазды немесе «үш тілді» пән мұғалімін кездестіру қиын. Бар болса да көбі шындыққа жанаспайды. Студенттер арасында да тіл үйренуге деген белсенділік аса жоғары деп айта алмаймыз. Сөзіміз дәйекті болу үшін айтсақ, English First EPI халықаралық ұйымының сараптауы бойынша отандастарымыздың ағылшын тілін білу деңгейі өте төмен елдердің қатарына кіреді. 2015 жылы зерттеуге алынған 70 мемлекеттің ішінде 47,4 көрсеткішімен 54-орынды иеленеді. Көш басында Швеция, Нидерландтар, Дания мемлекеттері болса, соңында Сауд Арабиясы,

Камбоджа, Ливия сияқты елдер тұр. Көрсеткіші біздікімен шамалас елдер Иордания мен Мысыр. Осы ретте, ағылшын тілін меңгеру деңгейі неғұрлым жоғары елдерде, жастар арасындағы жұмыссыздық та соғұрлым төмен екені тіркелген. Аталған ұйым, осы деректерді саралай келе мемлекеттің экономикалық қуатын ағылшын тілін меңгеру деңгейімен байланыстырып, оны жұмыс тілі ретінде қолданатын компаниялар ынтымақтастық пен инновацияға жақсы икемделген деген пайымдауын келтіреді.

Қандайда бір тілді үйрену оған деген құрмет пен құштарлықтан не болмаса мұқтаждықтан туындайды. Алдыңғы екеуі адамның өз тандауы арқылы қалыптасса, соңғысы өмірдің талабы. Осы орайда бүгінгі күннің сұранысына ие болған ағылшын тілін үйрену әр маманның міндеті. Осы қажеттілікті өнсеру жолында қолға алған түбегейлі шара — ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістемесін жасау. Әдістеме коммуникативті оқытуға негізделген. Осы мақсатта ағылшын тілі мұғалімдерін біліктілікті арттыру курсынан өткізу, мұғалімдерді қайта даярлау, облыс орталықтарынан тілдік орталықтар ашу, мектептерді жаңа оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз ету сияқты жұмыстар кезең-кезеңімен жоспарланған.

Мәселені тұтастай алғанда, білім және ғылым министрлігінің білім беру саласының өзекті 12 мәселесіне арнаған кешенді бағдарламасы, білім беру мен маман даярлаудағы қажеттіліктерді жан-жақты зерделей отырып, қоғам назарына ұсынылып отырған жоба. Бұл ауқымды істердің нәтижесі мен жемісін еліміздің болашақтағы экономикалық өркендеуінен, мәдениетінен, бәсекеге қабілетті мамандарынан көрінері анық.

Айдын ҚЫДЫРМАНОВ,
Микробиология және вирусология институты вирусар экологиясы зертханасының меңгерушісі

Шын мәнінде, достық, өзара сенім, айрандай ұйыған ынтымақ, қоғамдық келісім ұғымдары қазақстандықтардың ұлтына, діни сеніміне қарамастан, барлық азаматтар үшін айнымас берік ұстанымдарға айналған — бейбіт өмір сүруіміздің нақты кепілі болып отыр. Ынтымақ пен бірліктің нәтижесі күн өткен сайын айшықтана түсіп, жарқын болашағымызға нық сеніммен қарайтын болдық. Қоғамдық келісім мен алуан этностар біздің өсіп-өркендеуіміздің басты байлығына, ортақ игілігімізге айналғалы қашан!



жүрген ойларын ортаға салды, ұсыныстарын айтты. Әсіресе, жастардың аузынан шыққан мына сөздер көпшіліктің көкейінде қалды: «Біз татулық пен келісімді құрметтейміз. Соның нәтижесінде әр ұлт өкілдері тату өмір сүріп келеміз. Солай бола береді де. Бір адамның қылмысына қарап, бір этносты жамандай салуға болмайды!» Осындай салиқалы да, салмақты кездесулер аудандағы Ғ.Мұратбаев ауылындағы №123 мектепте, Мақтарал аграрлық колледжінде жалғасып, отандастарымыздың бірлігін нығайту, этносаралық, дінаралық бөлінушілікке жол бермеу жайы ортаға салынды. «Оңтүстік — достық мекені!» жобасы аясында құрылған ақпараттық-насихаттық топ Сарыағаш ауданы Жанатұрмыс ауылының тұрғындарымен де кездесіп, топ мүшесі, психолог Жүлдіз Балтабаева өз сөзінде: «Елдің бірлігін, этностар арасындағы татулықты сақтап, дамыту жайы әр отбасында, дастарқан

басында үнемі айтылып отыру қажет», — деді. Шынында, ойландарың жайт.

Осы ауданның Абай ауылындағы №13 колледждің студенттерімен болған кездесу де жастардың есінде қалды. Студенттер сауаттылығымен, ой-өрісі көкжиегінің кендігімен тәңгі етті. Ауыл-аймақта спортты дамыту, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, бәсекеге қабілетті маман болу жайлы ойлары — осының дәлелі. Ал облыстық «Қоғамдық келісім» КММ бөлім басшысы А.Мұсабеков әлеуметтік желілерде жалған, ел бірлігіне сызат түсіретін ақпараттарды таратушының заң алдындағы жауапкершілігі жайлы әңгімелеп берді.

Сөз соңында айтармыз, қазіргі таңда ұстанып отырған бейбіт тірлігіміз ұзағынан болмай! Әр танымыз бейбітшілік нұрымен арайланып атсын дегіміз келеді.

Мұхтар ЖҰМАШҰЛЫ



Ала доп

Елімізде есімі елге мәшһүр болған футболшылар аз емес. Тимур Сегізбаев пен Құралбек Ордабаевтардың атақ-даңқы кезінде күллі Еуропаға да жетті. Олар халықаралық аренада қазақтың атын шығарды. Сейілдә Байшақовтың да доп тебісін кешегі кеңестік бапкерлер ерекшелеп жатты. Ал Әлем футболына көз жүгіртсеңіздер, әр ұлт өздерінің футболда аты шыққан ұлыларына ескерткіш қойып жатады. Бәлкім, футбол ойынын елімізде дамыту үшін бізге де бір ескерткіш керек шығар. Мадейра аралдарында Криштиану Роналдуға ескерткіш қойылған. Бұл да бір насихаттың бір түрі.

ӘЛЕМ ФУТБОЛЫНЫҢ ӘКЕСІ

2003 жылы 11 мамырда Киев қаласының төрінде, «Динамо» стадионының алдында Валерий Лобановскийге ескерткіш қойылды. Бар өмірін футболға арнаған арда тұлға қайтыс болған күні Киев көшелері аза тұтушыларға толы болды. Бүкіл қала қаралы күнді бастан өткіріп, аяқдоптын актангерін актық сапарға аттандырып тастады. Бойков зиратынан ұзын-сонар созылған халықта шек болмады. Валерий Лобановскийдің жаназасына тура адамзаттың ойшылы Лев Толстой қайтқан кездегідей (*шамамен 100 мың*) халық жиналды. Демек, халық арасында бапкердің сый-құрметі кем болмады деген сөз.


Әрине, ол түсінікті. Себебі бұрынғы Кеңес Одағы мен «Динамо» командасының тарихындағы ең айтулы жеңістің барлығына қол жеткізген бапкер еді-ау, Лобановский. 1975 жылы Венгрияның «Ференцварошын» финалда ұтып, Кубок иегерлерінің кубогін жеңгені Кеңес футболының тарихында алтын әріптерімен жазылып тұрғаны сөзсіз. Дәл осы жеңіс барша Одақ футболының ең



алғашқы айтулы, ірі жеңістерінің бірі еді. Біздің әке-ағаларымыз да ауыл да жүріп, Лобановскийдің жеңістерін аңыздай қылып айтатын. Осындай ұлы тұлғаның қоластынан бірнеше әлемге аты шыққан даңқты ойыншылар түледі. Блохин, Беланов, Заваровтардан басталған көшті осы күні Андрей Шевченко жалғастырып жүр. Шевченко Лобановскийдің соңғы шәкірті. 2003 жылы Чемпиондар лигасын жеңіп, ұстазы сәл ғана жете алмай кеткен кубокты ескерткішінің қасына әкеп қойды. Бүгінде 80 мың адамға арналған Киевтегі стадион Лобановскийдің атына берілген.

АҢЫЗ ФУТБОЛШЫЛАР

Бест-Лоу-Чарльтон
Осындай ескерткіштерге қарап бой түзейтін жас жеткіншектерге Англияда да белгі бар. «Армандар театры» деп аталатын «Олд Траффорд» стадионының алдына «Манчестер Юнайтед» командасының үш атакты ойыншысына ескерткіш қойылған. Кезінде барша әлемді өнерімен төңті қылған Джордж Бест, сэр Бобби Чарльтон және Денис Лоу секілді ойыншылардың мүсіні енді футбол көруге келген әрбір адамның көз алдында болмақ. Бұл үшеуі



ҚАЗАҚ ФУТБОЛШЫСЫНА ескерткіш қашан қойылады?

де қатарынан Еуропаның үздік ойыншылары деп танылып отырған. 1964-68 жылдар арасында үшеуі 665 гол соққан. «Киелі үштік» деп аталатын бұл ескерткіш ең қымбат металлдан жасалған. Оны салған атакты мүсініші Филипп Джексон осының алдында ғана «Манчестер Юнайтед» командасының тарихындағы атакты бапкер Мэтт Басбиге арнап қола ескерткішті тұрғызған болатын.

Әлем футболының королі саналатын Пелеге бір емес бірнеше ескерткіш қойылған. Олар жер жаһанның әр бұрышында бар. Одан бөлек, Сан-Паулу қаласындағы стадионның алдында да Пеленің ескерткіші тұр. Дәл осы стадионда ол өзінің футболшы ғұмырындағы ұрған мыннан астам голының ең әдемісін соққан екен. Сондықтан да ескерткішті Пеленің өзі келіп ашты. Сонымен қатар Минас-Жерайс штатындағы Трес-Корасойнс қаласында әлем кубогін басына көтеріп тұрған футбол королінің бейнесі жасалған. Бұл



бір Бразилиядағы Пелеге арналған 2-ескерткіш. Ал үшіншісі 2014 жылы Әлем біріншілігі қарсаңында «Маракана» стадионының алдында ашылады деп жоспарланған. Айта кетейік, дәл осы әлемдегі ең үлкен стадионның алдында Ақ Пеле — Зикоға да ескерткіш қойылған.

МЮНХЕН ТРАГЕДИЯСЫ ЕЛ ЖАДЫНДА

Өздерінің өнерлерімен күллі ғаламды телмірткен майталмандарға арналған ескерткіштерден енді осы футбол деген сиқырға сеніп, шексіз ойынның шырмауында жүріп, мерт болғандар жайында сөз қозғасак. Бұл жағдайда ең алдымен 1958 жылы Мюнхен қаласында болған аты шулы жарылыс еске түседі. Белградтағы кездесуден қайтып келе жатқан «Манчестер Юнайтед» командасы Германияда бір тоқтап алуды жөн санайды. Дәл сол Мюнхен әуежайынан ұзаққа



ұша алмаған ұшақ жерге құлап жарылып кетеді. Жап-жас футболда енді танылып келе жатқан жеті ойыншы мерт болды. Ағылшын ұлттық құрамасының 2 футболшысы сол апаттан алған жарақаттарына байланысты үлкен спортқа қайта орала алмай кетті.

Мюнхенде 2003 жылы ашылған мемориал тақтасы осы команданың сол кездегі даңқты ойыншыларына арнап жасалынған. Солардың ерліктері неміс халқының да мәңгі жадында қалары сөзсіз. «Олд Траффорд» стадионында «Мюнхен сағаты» орнатылған. Онда 1958 жыл, 6 ақпан деп жазылып, сағат тілі 14:20 минутта тоқтап қалған. Бұл сағат сол уақытта тоқтап қалған қаншама жас өмірді еске алып тұрса керек.

БІЗДІҢ ЕЛДЕ КІМ ЛАЙЫҚТЫ?

Елімізде футбол өнерінде ескерткіш қоюға тұрарлықтай кім бар? 1913 жылдан бері бастау алатын казак футболында да орны ерек тұлғалар болған. Дүркіреген «Қайраттың» аңызға айналған ойыншылары да болды. Тимур Сегізбаев, Құралбек Ордабаев, Сейілдә Байшақов, Евстафий Пехлеваниди сияқты мықты футболшылар сол кезеңнің адамдарының естерінде мәңгі қалған. Олар жайында әңгіме өрбісе, танды-танға ұрып айтуға дайын жанкүйерлер арамызда жүр. Бірақ одан кейінгі ұрпақ жанкүйер қауымның жадында олар қалай қалмақ? Мүмкін бізге де ел футболы дамысын десек, кешегі өткен дүлдүлдерімізді жадымыздан ұмыт қалдырмайын десек, футболшыларға арнап ескерткіш қою керек шығар. Сонда ғана казактар доп тебе алмайды деген түсінік толастар.

Ермұхаммед МӘУЛЕН



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



11

Фестиваль

Асық атты, қой да көтерді



Үш күнге созылған «Aktau Open Fest 2016» халықаралық музыка және спорт фестивалі мәресіне жетіп, жеңімпаздарды марапаттау теңіз жағалауында өтті. Фестиваль жастардың сүйікті эстрада жұлдыздары BigSom, DrumAttack, Карандаш, Morison, Skif, Луина және L'One-ның қатысумен өткен концертімен қорытындыланды.

Фестиваль аясында өткен NFC-6 халықаралық турниріне Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облысы, Ресей, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген спортшылардың қатысуымен 10 кәсіпқой жекпе-жек өткізілді. Турнирдің арнайы қонағы ретінде — ММА кәсіпқой спортшысы, самбодан чемпион, ресейлік промоутер Алексей «Бабай» Прокофьев қатысты. Тартысты өткен жарыстың қорытындысында ымырасыз жекпе-жекте оралдық

ойыны өте танымал болып келе жатыр. Біздің халықтың нағыз кара күштің иесі екенін өздеріңіз де, көріп отырсыздар. Мен де қой көтеріп, бағымды сынайтын боламын», — дейді қала тұрғыны Нартай Алтыбаев.

Қазақша күрестен өткен жарысқа Шоғы батыр атындағы спорт мектебінің 12 спортшысы және фестиваль қонақтары қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша 1-орынды Айдос Хақназаров, 2-орынды Жандәулет Бактыбеков, 3-орынды Мирас Ігілікөв пен



Жәнібек Қаржаубаев иеленді.

Сондай-ақ спортшылар велосипедте әр түрлі жакка бағытталған салто жасау, 360 және 720 градусқа айналу, биікке секіру бойынша өнерлерін көрсетіп, көпшіліктің құрметіне бөленді.

Жылдағы дәстүр бойынша биыл да фестиваль аясында street workout бойынша чемпионат өтті. Чемпионат фристайл және 48 келі салмақта коссырықта қолды бүгіп жазу мен 32 келі салмақта белтемірге тартылу бойынша ұйымдастырылды. Street Workout филиалының Актау қаласындағы мүшесі болып табылатын Дамир Нәбиев фристайлдан бірінші орынды жеңіп алды. Екінші және үшінші орындарды Азамат Құмаров пен Талғат Ермекебаев өзара бөлісті. Коссырықта қолды бүгіп жазу бойынша Валид Гаджибеков жеңімпаз атанды. 48 келі салмақтағы Валид 19 рет коссырықта тартылды. Ал белтемірге тартылудан Ильдар Ягъев өзінің өткен жылы қойған рекордын басып озды. 32 келі салмақтағы ол 17 рет тартылды.

Сонымен қатар Aktau Open Fest фестивалінің негізгі алаңында 3x3 баскетболынан Қазақстан чемпионаты өтті. Чемпион атағын алу үшін 15 команда сынға түсіп,



бактарын сынады. Қазақстанның чемпионы атағына талас бойынша 12:21 есебімен Шымкент командасы Рудный қаласына жол берді.

Чемпион атағы мен Caspian battle-2016 басты сыйлығына әлемнің төрт елінен 16 би бойынша сайысқа түсті. Сайыстың екінші күнгі нәтижесі бойынша «Caspian battle» халықаралық турнирінің актық сынына казакстандық 40 би-бой ішінен сегізі шықты. Қатысушылардың көрсетілімдеріне халықаралық төрешілер: би-бой Junior, Iron Monkey және Freeze баға берді. Басты сыйлық — 300 мың теңге. Осы сертификатпен иесі мен жеңімпаз болып, атыраулық Дамир Күрмашев пен Украинадан келген «Колобок» танылды.

Екінші орынды би-бой Комар (*Санкт-Петербург*) және Мэни (*Атырау*) еншіледі, үшінші орынға Димов Слав (*Болгария*) және Гексоген (*Орал*) тұрақтады.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ

